Қоғамдық - саяси газет / Общественно-политическая газета

# Кербұлақ жұлдызы

№ 07 (3963)
15 ақпан
2019 жыл

№ 07 (3963)
15 февраль
2019 год

Газет 1974 жылғы 15 шілдеден бастап шығады / Газета выходит с 15 июля 1974 года

## Кезектен тыс конференция өтті

Жақында аудан әкімдігінің мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалының кезектен тыс XXV конференциясы болып өтті.

Конференцияға облыстық мәслихат депутаты Мұқанов Серік Мейірханұлы, аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, аудандық мекеме, бөлім басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың, «Жас Отан» жастар



қанатының белсенділері, аудандық БАҚ өкілдері қатысты.

Алғашқы сөзді аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалының төрағасы Махаббат Сәдуақасұлы алды.

- Құрметті конференция делегаттары мен қатысушылары! Бүгінгі біздің конференциямыз айтулы мереке «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы қарсаңында өткізіліп отыр. Еліміздің жетекші партиясы жиырма жылдың ішінде үлкен жолдан өтті. 27 ақпан күні Астана қаласында «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өтеді. Кезекті съезд партияның 20 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Республика көлемінде үлкен дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл съездің алдағы мақсат-міндеттерімізді анықтап, біздің саяси ұйымның одан әрі жаңғыруына тың серпін беретініне сеніміміз мол, - деп конференцияны ашты аудан әкімі.

Күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы» жасампаздық және әлеуметтік даму кезеңі, ҚР Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауын іске асыру барысы туралы, «Нұр Отан» партиясының 2030 бағдарламасы жобасының негізгі ережелерін талқылау, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының кезектен тыс XXV конференциясына делегаттар сайлау мәселелері қаралды.

Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, партия ардагері, бюро мүшесі Сарыбаев Төленді Оспанбайұлы алды.

-«Нұр Отан» партиясы - ең ірі саяси партия. Елбасымыздың көрегендік саясатының арқасында іс жүзінде асып жатқан «Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария етті. Бір ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деп білеміз. Партия ұйымының өкілдігінде бүгінгі күні 15 бастауыш партия ұйымы тіркеліп, төрт мыңнан астам партия мүшесі бар. Бұл партияның атқарып отырған жұмысы жергілікті жерлердегі бастауыш партия ұйымдарының жұмысымен бағаланады.

- Құрметті делегаттар! Сіздерді «Нұр Отан» партиясының құрылғанына 20 жыл толуына орай, осы партияның алғашқы басшысы ретінде шын жүректен құттықтаймын. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Әденов Нұрлан Бақтыбайұлы сөйлеп, жыл сайынғы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы – терең тарихи маңызы бар құжат әрі келешекке бағдар екенін, Жолдауда әл-ауқатымыздың сипаты - өмір сүру деңгейін арттыру керек екендігі білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үй сапасы мен қолжетімділігі мәселелері қарастырылғанын тілге тиек етіп, әрбір жарияланған Жолдауда Елбасы айқындаған нақты жоспар-стратегиялар, батыл шешімдер, қалыптасқан дағдарыс жағдайында егемендікті, аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету, өндірісті тұрақтандыру, экономикалық байланыстарды күшейту және ҚР халықаралық аренадағы беделін арттыру жөніндегі батыл шаралар болып, тәуелсіздігіміздің шынайы нығаюына негіз болатынын айтты.

Үшінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жобасының негізгі ережелерін таныстыру үшін сөз кезегін «Нұр Отан партиясы Кербұлақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Камамбаева Гүлжан Алтынбекқызы алды.

- Нұр Отан партиясының қалыптасу және даму тарихы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Биылғы жыл «Нұр Отан» партиясы үшін айрықша маңызды жыл. 1 наурызда партиямызға 20 жыл толады.

Партия негізін қалаушы – Елбасы саясатының арқасында Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келеді. Бүгінде партияның белсенді мүшелерінің саны 1 миллионға жуық. Партияның 17 өңірлік және 247 аумақтық филиалы жұмыс істейді. БПҰ-ның саны 6 мың.

2016 жылғы Парламенттік сайлауда халықтың 82% «Нұр Отан» партиясына дауыс берді. Партияның бастауымен қомақты нәрсе жасалды, бірақ атқаратын жұмыс әлі де көп.

Конференция барысында баяндама жасаған аудандық мәслихаттың хатшысы Рысбеков Бөкен Қабиұлы, партияның жаңа Бағдарламасындағы алдағы онжылдыққа арналған негізгі басымдықтармен міндеттерге тоқтала келе, осы тұрғыда алдағы атқарылатын жұмыстарды қолға алып, партиямыздың гүлденуіне атсалысуға шақырса, аудандық «Жас Отан» ЖҚ атқарушы хатшысы Мыңбаев Алмас Асқарұлы Елбасымыздың биылғы жылды «Жастар жылы» деп жариялауы, қазақстандықтар үшін таптырмас мүмкіндік екенін, әрбір жас армандаған ойларын, бастаған істерін жүзеге асыра алатынын, дәл қазіргі таңда ел ертеңі саналатын өскелең ұрпақ бойына қазақылық қасиеттерді заман талабына сай сіңіріп, оларға бағыт-бағдар беріп, мақсат-мүдде қалыптастыратын бірден-бір ұйым - «Жас Отан» ЖҚ екенін, сондықтан ауданның жалынды жастары алдағы уақытта талай биікті бағындыратынын жеткізді.

Облыстық мәслихаттың депутаты Мұқанов Серік Мейірханұлы жерлестерін айтулы мерекемен құттықтап, «Нұр Отан» саяси партиясының тарихына тоқталып, 1999 жылдың наурыз айында аудандық әкімшілікте алғашқы Құрылтай жиналысы өткенін, ол кезде отыратын бөлме, техникалық құрал-жабдықтар, көліктер болмағанын, сонда да көреген көшбасшымыздың сарабдал саясатының арқасында еліміз үлкен жетістіктерге жеткенін айтып, Қазақстанның әлемдегі 30 елдің қатарына кіру Тұжырымдамасындағы атқарылар



жұмыстың ұзақ мерзімді 7 бағытына тоқталып, өзіне үлкен сенім білдірген Кербұлақ аудан халқы үшін бар күш-жігерін аямайтынын жеткізді.

Төртінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың депутаты Самалтыров Еркебұлан Амантайұлы мінберге шығып, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының кезектен тыс XXV конференциясына квота бойынша сайланған 7 делегаттың аты-жөнін хабарлады.

Конференцияны аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалының төрағасы Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы қорытындылап, делегаттар мен қонақтарға алғысын білдірді.

**Жиын**

## Бізді балаларымыздың болашағы толғандырады



***2019 жылдың 4-ақпанында Астана қаласында тұрғын үйде болған өрт салдарынан қайтыс болған 5 қызбаланың өлімі кеудесінде жаны бар жанның қай-қайсысын болмасын, селт еткізбей қоймады. Жүректері қан жылап, бір күнде қазынасынан, бар байлығынан айрылып қалған, қайғыдан қан жұтып, есеңгіреп, өлі мен тірінің арасындағы халдегі ата-анаға көпшілік, үлкен-кіші көңіл айтып жатты.***

***Иә, қанша алтын, күміс берсең де, жарқыратып киіндіріп, тойындырып тамақ ішкізіп, хан сарайын ұсынсаң да, ешқандай жылы сөздің, жұбатудың кішкентай қыздардың орнын толтыра алмасы анық. Кеше ғана бірі күліп, бірі жылап жататын қыздардың енді ешқашан даусы естілмейтіні ауыр болса да шындық. Бес қызғалдақ үзіліп түсті...***

***Кейбіреулер баласын туа сала қоқысқа лақтырып, болмаса титтей ғана бүлдіршінді тастап кетіп жатқанда, кейбір жасөспірім ата-ананың жоқтығынан шетел асып кетіп жатқанда, бұл отбасы осы бес қызды асыраймын деп, ертеңіне сеніп күнелткені анық. Қашанда жақсылықтан үміткер пенделерміз ғой, соңының мұндай боларын кім ойлайды дейсің?!***

***«Біреу тойға айналғанда, біреу қойға айналыпты» демекші, Астанада болған осы қайғылы жағдайды өз мақсаттарына пайдаланбақ болғандарды да, қыздардың отбасына көмек беру үшін интернетте жарияланған Жанымгүл Ситердің жеке куәлігі арқылы автонесие рәсімдемек болғандарды да ақпараттық желіден оқып, біліп жатырмыз. Өмірде жақсылық пен жамандық қашанда қатар жүреді емес пе? Біреулер өздерінің арам ойларын жүзеге асырмақ болып жатқанда, Ситер отбасына қайғырып көңіл айтқандардың, көмек қолын созғандардың да көп болғаны белгілі. Оның айғағы 13 миллионның жиналуында болса керек. Яғни, кейбіреулер қарсы болып жоқ десе де, қуанышқа орай жер бетіндегі жақсылық жойылмапты.***

***Бес бірдей қыздың өлімінен кейін пенде емеспіз бе, кейбіреулеріміз қыздардың ата-анасын кінәласақ, енді біреулеріміз жоғарғы билік өкілдеріне кінә арттық. Интернет желілерінде, БАҚ-та бүгінгі билікке, мемлекеттік саясатқа деген ащы пікірлер айтылып, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, атап айтқанда көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақының аздығы, бала туылғанда берілетін бір реттік жәрдемақы мен ай сайын төленетін жөргекпұлдың мардымсыздығы туралы аналар ашына айтуда.***

***Астанадағы қайғылы жағдайдан кейін "Барлық өңірдің әкімдері құзырлы органдармен бірлесіп, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақылауды күшейтуі керек, сондай-ақ тиісті тексерістер ұйымдастырып, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Мұндай жағдай қайталанбас үшін барлық тиісті шараларды қабылдаған жөн", - деді Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Осы орайда барлық облыс, аудандарда жиындар өткізілуде.***

Осындай жиынды жуырда аудан әкімі Бигелдиев Махаббат Сәдуақасұлы өткізіп, ауданымыздағы көпбалалы аналар уәкілдерімен кездесті.

- «Қуанышты бөліссең көбейеді, қайғыны бөліссең азаяды» деген. Астана қаласындағы қайғылы жағдай бір ғана Ситер отбасын ғана емес, көпшілігіміздің қабырғамызды қайыстырғаны шындық. Әрине, «Бала - ананың жүрек еті, әкенің білек еті» демекші, бір сәтте бес баладан айрылу - ата-ана үшін үлкен қайғы, орны толмас өкініш. Отбасына қайғырып көңіл айтамыз,-деген аудан әкімі осы мәселе бойынша облыс әкімінің жиын өткізгенін айта отырып:

- Сіздердің бастарыңызды қосып, жиын өткізгендегі мақсатым, ауданымызда ана мен балаға, жалпы отбасына қатысты қандай қордаланып, шешімін таппай жатқан мәселелер бар? Міне, сол мәселелерді өз ауыздарыңыздан естісек. Ойларыңызды ашық айтып, еркін әңгімелесейік,-деп аналардың ойын жасырмай, ашық айтуын сұраған әкім:

- Ауданымыздағы көп балалы аналардың жағдайын қалай түзеуге болады деген мәселеде ой қосайық,-деп осы жиында айтылған мәселелердің барлығы жинақталып, облыс әкіміне жіберілетінін ескертіп өтті.

Жиында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Момбаев Болысбай Тоғысбайұлы аудандағы халық саны 49 215 болса, соның ішінде 24 394 әйел адамдар екендігін , «Алтын алқа» 470, «Күміс алқа» 584 екендігін, тұрғын үй кезегінде көпбалалы 103 ана тұрғандығын, екі жылда екі ана тұрғын үймен қамтамасыз етілгендігін атап өтті. Аудан бойынша 400 бала тегін түскі аспен қамтылыпты. Бұл аудан бойынша аз екендігін айтқан орынбасар көпбалалы отбасылардың бес баласының екеуін ғана тегін түскі аспен қамтуға мүмкіндік болып отырғандығын жеткізді. Аудан әкімінің орынбасары, сондай-ақ төлемақы, жәрдемақы мәселелеріне тоқталды.

Жиында аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сарыбаев Төленді Оспанбайұлы:

- Бес балапанымыздың өлімі кім-кімді де бей-жай қалдырған жоқ. Естіп-көріп отырмыз, өте ауыр жағдай. Адамның басына бермесін. «Күйеу ашу айтса, әйел басу айтады» деген деп, не нәрсеге де сабырлылықпен қарау керек екендігін айтып, аналар қауымын сабырға шақырып, қандай істі болмасын ойланып жасауға шақырды. Көпбалалы аналарға 16 мыңның аз екендігін және оларға медициналық тегін көмекті қарастыруды және балаларының 1-2 мемлекеттік грант арқылы жоғарғы оқу орнына түсуді қамтамасыз етсе,-деген ойын ортаға салды.

Аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ақбасова Ғалия Ниязқызы бұрынғы үлкен ата-апаларымыздың жаман нәрсені көп айтпа дейтінін, жаман нәрсені қайталап, айта бергеннің өзінің дұрыс емес екендігін айта отырып, аудандағы Аналар кеңесінің жұмысы туралы мәлімет беріп өтті. Бір жасқа дейінгі төлемақы кәмелеттік жасқа толғанға дейін төленсе, көпбалалы аналар мен жалғызбасты аналардың балаларына жоғарғы оқу орындарына түсу үшін гранттар бөлінсе және көпбалалы аналар жәрдемақы алу үшін көптеген құжаттарды жинауға мәжбүр және ол тоқсан сайын қайталанып отырады, осы мәселе туралы ойлансақ екен деп өз ұсынысын білдіре отырып, аналар қауымына деген жақсы тілектерін жеткізді. Сарыөзек ауылдық округінің әкімі көпбалалы аналарға бөлінетін жер мәселесін қозғады.

Аудан әкімі Тұрсынбаев Батырхан Ешметұлынан Сарыөзек ауылдық округінде екеуі де жұмыс істемейтін отбасы бар ма, бар болса көмек жасадың?-деп сұрады. Және мұндай отбасыларға көмектесіп, қоғамдық жұмысқа болса да тарту керек екендігін айтып, басшылыққа алуды тапсырды.

Д.Қонаев атындағы орта мектептің директоры Искакова Светлана Мұқашқызы «Оқушылардың жағдайы жақсы, жаман деп қарап отырмаймыз.

***(Жалғасы 2-бетте)***




**Ескерту**

***2019 жылғы «Кербұлақ жұлдызы» газетіне жазылуға үлгермей қалған азаматтарға пошта бөлімшелеріне, сондай-ақ, редакцияға келіп жазылуға болатынын ескертеміз.***

# Бізді балаларымыздың болашағы толғандырады

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Мектептегі әр бала бақылауымызда. Егерде бала маусымға сай киінбесе, мысалы қыстың күні күздік етікпен жүрген болса, ұстаздар қауымы бірлесіп, жаңағы балаға аяқ киімін, болмаса күртешесін әкеліп, өзін жекелеп шақырып алып, кигізіп жібереміз. Оны сыныптастары да, өзгелер де білмеуі тиіс. Өйткені бала намыстанады. Мұндайда жасыратыны жоқ, «Ырыс » дүкені жақсы болды. Арзан, қолжетімді болғандықтан керек затымызды сол жерден табамыз,-десе, Күреңбел орта мектебінің директоры Қыстаубаева Кәмшат Болатханқызы мектебіндегі тегін ыстық тамақпен жағдайы жоқ отбасылардың балаларын бірдей қамту мүмкін болмай отырғандығын, бір үйде бес бала болса, сол балалардың тек екеуі, болмаса үшеуі ғана тегін тамақпен қамтылатынын, ал «Ай-Сана» балабақшасының ата-аналар комитетінің төрайымы Иманғалиева Динара: «Көпбалалы отбасыдан балабақшаға бір-екі, тіптен үш бала балабақшаға баруы мүмкін, солардың біреуін балабақшаға тегін алуға болмас па?» деген тілегін жеткізді. Алтынемел ауылының тұрғыны, зейнеткер Асылбекова Торғын Төлепбергенқызы көпбалалы отбасыларға кәсіпкерлерді бекіту туралы ойын ортаға салды. Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Қалиақпарова Бибігүл Төлегенқызы көпбалалы ана екендігін, қызының облыс әкімінің грантымен оқып жатқандығын айтып, алғысын білдірді.

Осы жиын барысында көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақы көлемі ұлғайтылса, бір жасқа дейін төленетін төлемақының мерзімі ұзартылса, көпбалалы отбасылардың бір баласына жоғарғы оқу орнына грант бөлінсе, төменгі сынып оқушыларының барлығын тегін түскі тамақпен қамтамасыз ету қарастырылса деген ұсыныстар аналар тарапынан біраушадан қолдау тауып, аудан әкімі аппараты тарапынан облысқа ұсыныс жасалынатын болды.

Аудан әкімі аудандағы жағдайы жоқ отбасыларын немесе жекелеген баланы қамқоршылыққа алу туралы да ойымен бөлісті және орынбасары Момбаев Болысбай Тоғысбайұлына көпбалалы, тұрмысы төмен, жалғызбасты аналардың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларын тексеріп, бақылау-көмек көрсету бағыты бойынша жедел комиссия құрып, жұмыс жүргізуді тапсырды.

Сонау жаугершілік заманда да аналарымыздың отбасындағы білгір саясаткерлігі мен қазақи болмысы айқын көрінгендігін, бір ананың ақыл-парасаты рулы елдің өсіп-өнуіне жол салғанын тарих беттерінен талай оқыдық. Бүгінгі жиын барысында да бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен алтын құрсақты аналарымыз, өздерінің биік өрелерін көрсетіп, жөнімен сөйлеп, билік өкілдерімен сабырлы қарым-қатынаспен ой бөлісіп, ризашылықпен тарасты.

***Алла Тағала қасиетті Құранда: «Сөзсіз сендерді қорқынышпен, аштықпен және де малды, жанды әрі жемістерді азайту арқылы сынаймыз. Алайда сабыр етушілерді сүйіншіле» деген екен. («Бақара» сүресі, 155-аят). Ендеше сіздердің сабырлылықтарыңызға да сүйіншілейтін, қуаныш пен жақсылықтан қайтарым болсын деп тілеймін. Ақ жаулықты аналарымыз, сіздер аман болыңыздар! Ең бастысы ертеңіміз, болашағымыз, балаларымыз аман болсын!***

**Ләйлә ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ.**

# Рухани жаңғыру – заман талабы




Рухани жаңғырудың негізі – халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. «Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар» демекші, мемлекеттің дамуы – ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды. Бәсекелестік қабілет – ғаламданудың жаһандық жүйесіне еніп, XXI ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, не болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтысды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Өмір сүру үшін өзгере білу керек.

Сол үшін, Елбасымыз бүкіл қазақ халқы ежелден армандаған мақсатты, яғни ұлттық жаңғыруды қолға алып отыр. Қазақстанның кезекті жаңғыруы – еліміздің кезекті ілгері басуы деп білеміз. Сондықтан, ел межесі алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылу. Бұл Елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген асыл үндеу өсиеті, ұрпаққа меңзеген дара жолы, келешек ұрпақтың бик-биік шыңдарды бағындыратынына сенімділігі.

**К.АНЫКБАЕВА,**
**аудандық Әділет басқармасының басшысы, Қазақстанның заңгерлер одағының мүшесі**

Жолдауға қолдау

# «Мәңгілік Ел» болашағы - бүгінгі жастар

Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы мақсатында Елбасы, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өткен жылы 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын айқындап берген еді. Елбасының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында индустриалды-инновациялық даму, экономика мен агроөнеркәсіпті, инфраструктура, кіші және орта бизнесті дамытумен қатар, елдің білімі мен денсаулығын, мемлекеттің институттардың жұмысын жетілдіру сияқты 7 бағдар барлық саланы қамтитын «Қазақстан -2050» Стратегиясын жүзеге асырудың тағы бір тетігі десем, артық болмас.

Елбасының Жолдауы ел дамуын айқындайтын негізгі құжат екенін білеміз. Сондықтан да, әр қазақстандық бұл Стратегияның орындалуы үшін аянбай еңбек етуі керек және де жалпы ұлттық қолдау көрсету керек.

Сонымен қатар, жастарға ерекше мән бере отырып, Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсатына жету үшін «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін қабылдауды тапсырды. Иә, қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды. Еліміздің жастары да Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдауларын іске асыруға өздерінің қомақты үлесін қосып жүргені анық. Жастарға артылған сенім мен үмітті ақтауға барлық жастарды мен де шақырамын.

Жолдауда 2050 жылы қазақ елі қандай болатыны және де қазақ жастары ұлы мұраттарға жету үшін қандай бағыт-бағдарды ұстануы керек екендігін нақтылап берді. Стратегияны мүлтіксіз орындап, еліміздің алдына қойған мақсаттарына жету – ортақ парыз, абыройлы міндет болып табылады.

**Е.ОЛЖАБЕКОВ,**
**аудан прокуратурасының прокуроры.**

# *Болашаққа жетелейтін Жолдау*

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазан айындағы Жолдауы – қазақ көшбасшысының көрегендігін кезекті рет көрсетті. Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары Қазақстан халқының және билігінің алдындағы шешілуге тиісті мақсат-міндеттер, жоспарлар мен шараларды айқындайды. Олар қоғамның өзгеруіне байланысты өзгеріп отыруы міндетті. Ғылыми негізделген, осындай нақты міндеттерді шешу жоспарлары бар мемлекеттер ғана ойдағыдай дамуға қол жеткізеді. Оны әлемдік тәжірибе үнемі дәлелдеп келеді.

Жолдаудың басты мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту, өмір сапасын күшейту. Жолдауда отбасы мен жастар мәселесі, табыс табу деңгейі, жолдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, шағын бизнесті қолдау, әлеуметтік саланы дамыту, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту, ауыл шаруашылығы мен экология сияқты өзекті мәселелер қозғалған.

Жолдауды Қазақстан халқына қызмет ететін, оның әлемдік мемлекеттер арасында бәсекеге қабілетін күшейтетін тарихи маңызы бар құжат деп бағалаймыз. Себебі, Елбасының Үкіметке жүктеген әрбір тапсырмасы ел үшін тағдырлық маңызы бар, дамудың тынысын ашатын салаларды қамтиды. Жолдау бүкіл Қазақстан қоғамын жаңартуды қамтамасыз ететін жаңа экономикалық саясатқа негіз болады.

Сондықтан, Елбасы атап өткендей, әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамымыздың ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды.

**М.ТУРСУМБАЕВА,**
**аудандық Әділет басқармасының инспекторы, Қазақстанның заңгерлер одағының мүшесі**

## Алматы облысы Кербұлақ ауданы бойынша көпбалалы, тұрмысы төмен, жалғызбасты аналармен тұрақты жұмыстар жүргізуге құрылған, арнайы комиссия мүшелерінің «Нұр Отан» партиясының ғимаратында өтетін азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

| № | Аты - жөні | Лауазымы | Қабылдау күні | Қабылдау уақыты | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Болысбай Тоғысбайұлы Момбаев | Аудан әкімінің орынбасары | дүйсенбі | 10.00 - 12.00 | 8/72840/31674 |
| 2 | Гүлжан Алтынбекқызы Камамбаева | Аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының төрағасының бірінші орынбасары | сейсенбі | 10.00 – 12.00 | 8/72840/31674 |
| 3 | Төленді Оспанбайұлы Сарыбаев | Аудандық ардагерлер, Қоғамдық кеңестің төрағасы | сәрсенбі | 10.00 – 12.00 | 8/72840/31674 |
| 4 | Алмас Тоқтарбайұлы Мадығалиев | Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы | бейсенбі | 10.00 – 12.00 | 8/72840/31674 |
| 5 | Қанат Зекенұлы Қалдыбаев | Аудандық аурухананың бас дәрігері | жұма | 10.00 – 12.00 | 8/72840/31674 |
| 6 | Бексұлтан Ақылбек Ақылбекұлы | Аудандық білім бөлімінің басшысы | дүйсенбі | 10.00 – 12.00 | 8/72840/31674 |

## Алматы облысы Кербұлақ ауданы бойынша көпбалалы, тұрмысы төмен, жалғызбасты аналардың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларын тексеріп, бақылау-көмек көрсету бағыты бойынша құрылған – аудандық комиссияның ауыл округтарына шығу ЖОСПАРЫ

| № | Аты –жөні | Лауазымы | Ауыл округтары | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Момбаев Б.Т<br>Мадығалиев А.Т<br>Сопбаеков М.Қ | Аудан әкімінің орынбасары | Көксу, Талдыбұлақ, Шұбар, Қоғалы, Жайнақ | 19-28.02.2019 |
| 2 | Сарыбаев Т.О<br>Қалдыбаев Қ.З<br>Аныкпаева Г.Ә | Аудандық Ардагерлер, Қоғамдық кеңесінің төрағасы | Алтынемел, Басши, Қаспан, Қызылжар | 19-28.02.2019 |
| 3 | Камамбаева Г.А<br>Ақылбек.Б.А<br>Дүйсенай Қ.П | Аудандық Әйелдер кеңесінің төрайымы | Сарыбұлақ, Сарыөзек, Шанханай | 19-28.02.2019 |
| 4 | Ақбасова Ғ.Н<br>Аңғарбаев Т.К<br>Алдашева М.Ғ | Аудандық Әйелдер кеңесінің төрайымы | Жоламан, Қарашоқы, Сарыбастау | 19-28.02.2019 |

**Кесте мен жоспарды аудан әкімі М.Бигелдиев бекітіп, орынбасары Б.Момбаев қол қойды**

## *Кербұлақ аудандық жергілікті өкілді органы мәслихат аппараты қызметкерлерінің азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау кестесі*

| № | Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдайтын адамның аты-жөні, тегі | Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдаутын күн | Азаматтарды қабылдау уақыты | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бөкен Қабиұлы Рысбеков | Депутат, Кербұлақ аудандық мәслихатының хатшысы | Әр аптаның сейсенбісі | 15-00ден 18-00ге дейін | 40-0-41 |
| 2 | Аманкелді Тұрысбекұлы Иманбаев | Аудандық мәслихаты аппаратының басшысы | Әр аптаның сәрсенбісі | 15-00ден 18-00ге дейін | 32-1-56 |
| 3 | Гүлмира Әбдіғалиқызы Рақымбекова | Аудандық мәслихаты аппаратының ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық, ақпараттық-талдау құрылымдық бөлімшесінің басшысы | Күнделікті | 10-00ден 17-00ге дейін | 31-1-49 |

# 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күні

## Ауған соғысы ардагерлерінің жиынында



**15 ақпан - Ауған жерінде өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні. Осы орайда, интернационалист-жауынгерлер паркінде жиын өтті. Оған Ауған соғысының ардагерлері, әскери бөлімдердің басшылары, сондай-ақ, мекеме, бөлім басшылары мен ұжымдары қатысты.**

Әскери гарнизонның үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен интернационалист-жауынгерлердің ескерткіш тақтасына гүл шоқтары қойылды. Ауған жерінде ерлікпен қаза болған ер азаматтарды және кеше ғана өмірден озған ауған соғысының әйгілі, даңқты батыры полковник Борис Төкенұлы Керімбековты еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды.

Мерекелік іс-шара Спорт кешенінде жалғасын тапты. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына орай, мерейтойды атап өту және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының ашылуына байланысты «Құрметтейік жеңістің ерлерін!» атты Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Оның мақсаты – Ауған соғысының тарихи мағыналық ақиқатын ашу; Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету.

Қазақстан Республикасының Туы енгіліп, Гимн шырқалды. Алғашқы құттықтау сөз аудан әкімі М.Бигелдиевке берілді. Ол: «Құрметті жиналған қауым! Осыдан 30 жыл бұрын 10 жылға созылған Ауғанстан жеріндегі сұрапыл соғыс аяқталып, Кеңес әскерлері өзінің интернационалдық борышын толық орындап, Отанына шығарылды. Бұл соғыста өзінің батырлығы мен айбындығын, ата-бабалардан қанына сіңген қайсарлығын танытқан қазақтың біртуар перзенттері - бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Мәжілісі Парламентінің депутаты, Халық Қаһарманы Бақытжан Ертаев, арнайы мақсаттағы жеке батальонның командирі Борис Төкенұлы Керімбаев, Кеңес Одағының батыры, жетісулық Андрей Шахворостов сынды батырларымыздың өскелең ұрпаққа ерліктері - өнеге, есімдері - тағылым.

Бүгінгі салтанатты басқосуда сол қантөгіс соғысқа қатысқан жерлестерімізбен қатар жас буын өкілдері де жиналып отыр. Кербұлақ ауданынан және Гвардия ауданы аумағынан Ауған соғысына өзінің интернационалдық борышын өтеуге 121 адам аттанған. Ауғанстанның Жалалабад, Баграм, Шиндант, Кабул, Мазари-Шариф, Құндыз қалалары маңындағы жерде дұшпандармен соғысқан 11 жерлесіміз ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды, тағы 7 адам «За Отвагу» және «За боевые Заслуги» медальдарының иегерлері. Басшилік Бауыржан Ысқақов, шанханайлық Берік Өскенбеков, жоламандық Өмірбек Түркістанов, сарыөзектік Амангельды Дүйсенбаев пен Сергей Тория, Бейбіт Оразбеков, қоғалылық Анатолий Паценко, қаспандық Нұрғали Сатымбаев, қарашоқылық Марат Боранбаевтың есімдері ауданымыздың және еліміздің тарихына алтын әріппен жазылды.

Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жастарды отансүйгіштікке баулу мақсатында барлық мектептерде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарын құру туралы тиісті сала басшыларына тапсырма берді. Бұл клубтардың негізгі мақсаты - жастарды өз тарихын терең меңгеруге, ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, ата-бабалар сара жолын одан әрі дамытуға және жас мемлекетіміздің патриоты болуына жетелеу.

Қазіргі кезде ауданымыздың 8 мектебінде осындай клубтар құрылып, олардағы жалпы бала саны - 339 балаға жетті. Келесі кезекте басқа да білім беру мекемелерінде осындай клубтар құру жұмыстары өз жалғасын табады. Менің ойымша бүгінгі кездесу - ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі, демек, аға буын мен өскелең ұрпақтың бір диалогтық алаңшада бас қосуы – Президентіміздің жастарға деген басым көзқарасы, көрсетілген сыйы, жүктеген міндеттері деп білуіміз қажет. Осы орайда, үстіміздегі жыл «Жастар жылы» деп жарияланғаны - жастардан күтетін үміт зор, жауапкершілік жоғары екендігін көрсетеді. Құрметті жастар, Отанымыздың алтын діңгегі болып, ел дамуына өз үлестеріңді қосып, жас мемлекетіміздің лайықты азаматтары болуларыңа тілектеспін!-дей келе, «Жас сарбаз» клубының туын Күреңбел қазақ орта мектебінің 11 сынып оқушысы Айдана Тойғұловаға табыс етті.

Мемлекеттік ту шығарылған соң аудандық Ә.Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінің әншісі Мәулеш Әбжапаров «Отаным» әнін орындап, көптің ықыласына бөленді. Ауған соғысының ардагерлері жас ұрпаққа сенім артып, еліміздің патриот азаматтары болуына тілектестіктерін білдірді.

## Ауған соғысының ардагері

Осыдан 30 жыл бұрын, нақты айтқанда, 1989 жылдың 15 ақпаны күні Кеңес әскерлері Ауғанстан аумағынан шығарылды. «Қазақстаннан бұл майданға 22 мыңнан астам жауынгер тартылды, оның 889-ы қазаға ұшырады, 30-ға жуығы хабар-ошарсыз жоғалып кетті және де 3 мыңнан астам қазақстандық Ауған соғысынан мүгедек болып оралды» делінеді ақпараттарда. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз өлмейді» дегендей, сол сұрапыл соғыстың арасынан аман-есен елге оралған азаматтарымыздың бірі - Смағұлов Иманғожа Саймұхаұлы.



Ол 1962 жылы Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылында Саймұха мен Софияның отбасында бесінші бала болып дүниеге келді. Ата-анасы он бала тәрбиелеп өсірген ардақты жандар. Бүгінде ұл-қыздарының барлығы да өмірден өз жолдарын тауып, үйлі-баранды болды. Иманғожа Саймұхаұлы 1970 жылы Қоңырөлең орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1980 жылы Басши ауылындағы Калинин орта мектебін екпінділер қатарында тәмамдады. Сол жылы Басши ауылындағы ауылдық мамандандырылған техникалық училищеде оқыды. Көктемде Кеңес Одағының әскер қатарына алынды. Алматы, Іле палигонында Түркменияға екі айлық карантиннен, яғни, алғашқы әскери дайындықтан өтіп, ант қабылдады. Маусым айының ортасында Басши ауылынан төрт сыныптас жігіт Ауған Демократиялық Республикасына интернационалистік борышын өтеуге аттанды. Олардың ішінде Бауыржан Ысқақов Кабулға, ал, Жұматай Бүркітбаев, Әбдіғали Омаров және Иманғожа Смағұловтар Джелалабадқа түсті. Мұнда өзге ұлт өкілдерімен бірге екі жүздей қазақ баласы дұшмандарға қарсы тұрды.

66-мотоатқыштар бригадасының I таулы батальонында Иманғожа минометші болды. Ол әңгіме барысында осы бригаданың II батальонында бүгінгі Халық Қаһарманы - Бақытжан Ертаевтың командир болғанын тілге тиек ете келіп, сөзін ары қарай жалғады: «Соғыстың аты - соғыс. Онда бірге әскери қызметімізді өтеуге барған құрдастарымның өлімін де, жараланғандарды да көзбен көрдік. Кабулда әскери борышын өтеуге барған Бауыржан Ысқақов атты сыныптасымыз ерлікпен қаза тапты. Өзіміз де жеңіл жарақаттанып, госпитальда жатып емделдік. Сыртта жүргенде: «Сүйегіміз қай жерде шашылып қалар екен?» деген күдікті ойдың болғаны рас. Туған жердің дәмі тартып, ауылға аман-есен оралғанымызға шүкір дейміз. Соғыстың беті аулақ болып, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын. Елбасымыздың көрегендігінің арқасында еліміз алға жылжып келеді, дамыған отыз елдің қатарына қосылмақшы. Лайым, сол тілеуімізді Алла нәсіп етсін. Еліміздің алдыңғы қатарлы елдердің қатарында болу үшін аянбай еңбек ету – баршамыздың борышымыз» дейді Иманғожа Саймұхаұлы.

***Қазынашылық - ақша қаражаттарын тиімді жұмсауды және сақталуын қамтамасыз ететін қаржылық орган. Қазынашылық кірістер мен шығыстар бойынша бақылауды жүзеге асырады, бюджет қаражатын тиімді басқаруын қамтамасыз етеді.***

***Кербұлақ аудандық қазынашылық басқармасында бүгінгі күнде 7 республикалық бюджеттегі, 4 облыстық бюджеттегі, 25 жергілікті бюджеттегі, 10 ауылдық бюджеттегі мекемелерге қызмет көрсетіледі және 42 процедуралық шоттар, 1 квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоты бар.***

***Есепті кезеңде 26 495 төлем құжаттары өтті, сонымен бірге кіріс операциялары 2 340 және 24 155 шығыс операциялары жүргізілді және 749 келісім шарттары: оның ішінде, республикалық бюджеттегі мекемелер бойынша 104 келісім шарт, жергілікті бюджеттегі мекемелер бойынша 645 келісім шарт тіркелді.***

Елге оралған соң ауылдық құрылыс бөлімшесінде құрылысшы болып бір жыл жұмыс істеді. 1984 жылы Алматы қаласындағы есеп-кредит техникумында «Мемлекеттік банктегі есеп және оперативті техника» мамандығы бойынша оқып, оны ойдағыдай тәмамдады. Дипломын қолына алған соң сол жылы Сарыөзек мемлекеттік банк бөлімшесінде экономист болып жұмысқа орналасты. Тумысынан сабырлы да иманжүзді жігіт талапкер басшының айтқанын тиянақты орындап, ұжымның беделді қызметкеріне айналды. 1998 жылдан осы уақытқа дейін аудандық қазынашылық басқармасында бас маман-бас қазынашы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Ол «КСРО Қарулы күштеріне 70 жыл», «Қайырымды Ауған халқынан интернационалист-жауынгерге», «Ауғанстан соғысының ардагеріне» ордендері, Кеңес әскерлерінің АДР-нан шыққанына 15 жыл, 20 жыл, 25 жыл мерейтойлық және «Ұрыс әрекеттерінің ардагері», «ҚР Қарулы Күштеріне 20 жыл», «Ауғанстан соғысының ардагері», «ҚР Қарулы Күштеріне 20 жыл» медальдары және «Ауғанстан соғысының ардагері» ордені, сондай-ақ, еңбек жолында қазынашылық комитетінің Алғыс хаты, Алматы облыстық қазынашылық департаментінің Алғыс хаттары мен Мақтау грамоталары, «За исполнение служебного долга за пределами отечества», «30 лет Талдыкорганской организации СВА и ЛВ РК», «Батыр шапағаты», «С.Нұрмағамбетов», «Отан патриоты» медальдарымен марапатталған.

Иманғожа Саймұхаұлы - отбасында аяулы жар, ардақты әке. Зайыбы Жамиляева Гүлсайрам Өтегенқызы халық банкінде аға бақылаушы-кассир болып еңбек етуде. Отбасындағы тұңғышы Дархан – Алматы қаласында, 61993 әскери бөлімінде келісім-шарт бойынша қызметші, отбасылы. Келіншегі Нәзирамен Нұрәли, Алдияр және Әлтайыр атты ұлдарды тәрбиелеп, өсіріп келеді. Ал, Диас - Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының IY курс студенті. Ал, Аружан - Күреңбел орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, Гүлсайрам мен Иманғожа ағамыздың отбасында тәрбиеленген ұл мен қыз еліміздің намысын қорғайтын ұрпақтарымыздың қатарында болары хақ. Атаулы мерекемен иманжүзді, еңбекқор, еліміздің патриот азаматы Иманғожа ағамызға: «еңбегіңіз жемісті, абыройыңыз асқақ болсын» деген тілегімізді айтпақпыз.

## «Құдай сақтаймын десе, сақтайды екен ғой» дейді ардагер аға

**Он бес одақтас республиканың біріккен тұсында, он жылға жуық ауған жерінде бейбіт тұрғындарды дұшмандардан қорғаған қаншама жас қыршынның өмірі қиылды десеңізші? Қолдарына қару ұстап көрмеген балаң жігіттер алда ненің күтіп тұрғанын білмеген де шығар, сірә?**



Үсембеков Әділхан Әлішұлы 1962 жылы бұрынғы Амангелді колхозында, қазіргі Қоянкөз ауылында Әліш пен Өсімханның отбасында дүниеге келді. 1979 жылы сол ауылдың орта мектебін аяқтады.

Ол өзінің сұхбатында:

- 1981 жылы 1 сәуірде Кеңес әскерінің қатарына алындым. Үштөбеге барып, ол жерден іріктеліп, бір топ қазақ, орыс жігіттерімен Түркіменстанға жол тарттық. Қызыл Арбад деген қалада үш ай бойы соғыс жаттығуынан өттік. Содан Ауған жерінің таулы аймақтарының суын ішіп, ауасын жұту бұйырыпты. Жалалабад, Асадабад және Барканда деген қала, ауылдарда (поселок) болып, әскери қызметімізді атқардық. Матай стансасынан Сайлау Ақмолданов деген жігіт екеуміз II батальонда екі жыл бірге болдық. Әскери бөлімге бір айда бір, екі айда бір келеміз. Көбіне таулы аймақтарда, дұшмандармен атыс-шабыста жүрдік. Операцияға шыққан кезде көп достарымыздан, қызметтестерімізден айрылып жаттық. Көп жауынгерлер қаза тапты. Олардың сүйектерін түнделетіп әкелеміз. Жауынгерлердің сүйектерін Кеңес Одағына тікұшақпен әкетіп жататын еді.

Біз жүрген таулы жерлерде, өздеріңіз кинодан көргендей, бір-біріне жалғасқан тоқал тамдар болды. Есек пен ешкіні ғана көреміз. Дұшмандар ауған жерінің талай ғимараттары мен мекемелерін бекітіп алған ғой. Соның ішінде Планшердегі ауруханааны, сол ауылды дұшмандардан азат еткен біздер болатынбыз. Планшерге тікұшақпен біздерді әкеліп тастады. Үлкен ұрыстардың бірі болған бұл ұрыста жиырмадан аса жауынгер қаза тапты. Мен ол кезде дивизия командирінің күзетші-қорғаушысы (телохронитель) болдым,-деген бауырымыз ауыр күрсініп алды.

Менің: «Есіңізде қалған, ұмытылмастай болған жағдай, оқиғалар болды ма?» деген сұрағыма, ойланып отырып:

- Есімде, ең алғашқы ұрыс операциясына шыққанымызда, қызық болды,-деп әңгімесін жалғады. - Таудың басына шыққан кезде байқадық, біздің бір жауынгер ұйықтап қалыпты, жолда қалып қалған ғой. Соны іздеп, төмен түскенімізде, дұшмандармен атыстық. Арқамда арқалаған рюкзагім бар болатын. Барлық жауынгер арқалайды ғой оны. Жоғалған жауынгерді тауып алып, тауға шығып, демалып отырғанбыз. Рюкзакқа көзім түсті. Оның ішінде нан, қораптағы қант, қалбырдағы ет, оқ-дәрі және тағы басқа да заттар бар-тұғын. Ажалым жоқ, көретін жарығым бар екен. Дұшмандардың атқан оғы менің рюкзагіме тиіп, тесіп өтіпті. Ішіндегі азық-түліктен өте алмай, денеме дарымай қалған ғой. «Міне, қызық! Ой, бауырым, сен әлі жүз жасайсың!» деген жауынгерлер улап-шулады. Менің де: «Құдай сақтаймын десе, сақтайды екен ғой!» деп таңырқамасыма болмады. Сөйтіп, бір ажалдан қалдым. Үрей мен қорқыныштa өткен екі жыл да өтті. Туған жеріме аман-есен, еш жарақатсыз оралғаныма, Құдайға мың тәуба деймін,-деп әңгімесін аяқтады Әділхан Әлішұлы.

Әділхан Әлішұлы Гауһар Қасенқызымен шаңырақ көтеріп, екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан алты немере сүйіп отыр. Ұлы Медет пен келіні Азиза бірге тұрады. Олардың Жанерке және Іңкәр атты қыздары бар. Айсұлу Арын атты күйеубаламен Сөгеті ауылында тұрады. Олардың төрт баласы бар. Елдар мен Меруерт Алматыда жұмыс істейді.

«Үйі жоқтың - күйі жоқ» деген. Сарыөзектің орталық ауруханасында жедел-жәрдем жүргізушісі, Руднике шахтада, Алматыда әртүрлі жұмыс істеген азамат әлі күнге дейін үйсіз-күйсіз жүр.



«Бұның себебі неде?» деген сұрағыма, ол: «Әр жерде жұмыс істедім. Уақытша үйлер берілді. Жұмыстан кеткен соң үйді қайтарып ала берді» деп жауап берді. «Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай, үй беріліп қала ма?» деген үмітпен күй кешкен азамат: «Кезекте бірінші болып тұрмын. Тұрғын үйдің кілтін алудан күдерімді үзбеймін» дейді. «Үмітсіз - шайтан» дейді ғой, Алла тілеуіңізді берсін. Немере-шөберелеріңіздің қызығын көріңіздер» деген біздер, хош айтысып кете бардық.

**Бетті дайындаған Айнаш ҚАСЕНОВА**

## Кербұлақ ауданы Шанханай ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару» Заңының 36-1 бабының 10 тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кербұлақ ауданының Шанханай ауылдық округі әкімінің сайлауы 2019 жылғы 19 наурызына тағайындалсын.

2. Кербұлақ ауданының Шанханай ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім аудандық «Кербұлақ жұлдызы» газетінде жариялансын.

**Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ж. Бураханов**

## О назначении выборов акима Шанханайского сельского округа Кербулакского района

В соответствии с пунктом 10 статьи 36-1 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148 «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Кербулакская районная избирательная комиссия РЕШИЛА:

1. Выборы акима Шанханайского сельского округа Кербулакского района назначить на 19 марта 2019 года.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Шанханайского сельского округа Кербулакского района согласно приложения.

3.Опубликовать настоящее решение в районной газете «Кербұлақ жұлдызы»

**Председатель Кербулакской районной избирательной комиссии Ж. Бураханов**

Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясының 2019 жылғы 07 ақпанындағы № 01 шешімімен бекітілген

### 2019 жылғы 19 наурызға тағайындалған Кербұлақ ауданының Шанханай ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
(3т. 36-1 бап.)

2. Аудандық «Кербұлақ жұлдызы» газетінде Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Сайлау тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей.
(пп.1), 7) ч.2 п.2 36-1 бап)

3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясына Кербұлақ ауданы әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.
Кербұлақ ауданының әкімі.
Сайлау күнінен 30 күн бұрын – **2019 жылғы 17 ақпанында** басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда – **2019 жылғы 21 ақпанда** аяқталады.
(п.1 36 бап, абзац 2,5) п.3 36-1 бап)

4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы
Кербұлақ аудандық мәслихаты хатшысының ұсынуы бойынша. Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда – **2019 жылғы 13 наурызында.**
(пп.1), 7) ч.2 п.2, абзац 5) п.10 36-1 бап)

5. Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Үш күннің ішінде.
(п.1 36 бап, абзац 7) п.3 36-1 бап)

6. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2019 жылғы бірінші ақпанға табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.
Кандидат және оның зайыбы (жұбайы).
Кандидат тіркелгенге дейін.
(абзац 8) п.3 36-1 бап)

7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы
Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда – **2019 жылғы 04 наурызда** аяқталады.
(п. п. 4,6 36-1 бап)

8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Кандидаттар тіркелгеннен кейін **7-ші күннен кешіктірмей.**
(пп 1) п. 5 36-1 бап)

9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.
Салық қызметі органдары. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде.
(абзац 9) п.3 36-1 бап)

10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап.
(пп.2) ч.2 п.2, абзац 6,7 п.7 36-1 бап)

11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері үшін шарт негізінде үй-жайлар беру.
Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиялары.
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 36-1 бап)

12. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.
Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні – **2019 жылғы 17 наурызда жергілікті** уақыт бойынша 24 сағатта аяқталады. (п.7 36-1 бап)

13. Кербұлақ аудандық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу.
Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
Кандидаттың Кербұлақ аудандық сайлау комиссияларына өтініш жасаған сәтінен бастап **бір күнтізбелік күннің** ішінде.
(Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 19.08.2010 жылғы №7/8 қаулысы)
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 36-1 бап)

14. Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Кандидат тіркелгеннен кейін.
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 36-1 бап)

15. Дауыс беруге арналған пунктті ашу, тиісті хаттама жасау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда.
(п.10 36-1 бап)

16. Әкімнің сайлауын өткізу. Әкімді сайлау жөніндегі дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жария ету, әкімді сайлау нәтижелері туралы хаттама жасау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Бір күннің ішінде - **2019 жылғы 19 наурызда.**
(п.п. 9, 10 36-1 бап)

17. Сайланған әкімді тіркеу. Шешімді жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсыну.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде – **2019 жылғы 23 наурыздан** кешіктірмей.
(п. 11 36-1 бап)

18. Кандидаттың сайлау қоры қаражатын пайдаланғаны туралы аумақтық сайлау комиссиясына есеп беруі.
Әкімдікке кандидаттар. Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей - **2019 жылғы 23 наурыздан** кешіктірмей.
(п. 11 36-1 бап)

19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары және сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жариялау.
Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей – **2019 жылғы 25 наурыздан** кешіктірмей.
(пп. 1, 7) ч.2 п.2, ч.3 п.11 36-1 бап)

**Ескертпе:** Күнтізбелік жоспардың мәтінінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының нормаларына сілтемелер жасалды.

Утвержден решением Кербулакской районной избирательной комиссии от 07 февраля 2019 года № 01

### Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Шанханайского сельского округа Кербулакского района, назначенных на 19 марта 2019 года

1. Доведение сообщения о дне выборов до сведения жителей соответствующей административно-территориальной единицы через местные средства массовой информации.
Кербулакская районная избирательная комиссия.
(п.3 ст.36-1)

2. Опубликование в районной газете «Кербұлақ жұлдызы» состава Кербулакской районной избирательной комиссии.
Кербулакская районная избирательная комиссия. Не позднее чем через 10 дней после назначения выборов
(пп.1), 7) ч.2 п.2 ст.36-1)

3. Выдвижение кандидатов в акимы на альтернативной основе путем подачи в Кербулакскую районную избирательную комиссию представления акима Кербулакского района и заявлений кандидатов о согласии баллотироваться кандидатами в акимы на территории соответствующей административно-территориальной единицы.
Аким Кербулакского района.
Начинается за 30 дней до дня выборов - **17 февраля 2019 года** и заканчивается за 25 дней до дня выборов **21 февраля 2019 года.**
(п.1 ст.36, абзац 2,5) п.3 ст. 36-1)

4. Составление списков выборщиков и вывешивание его в пункте для голосования.
Кербулакская районная избирательная комиссия по представлению секретаря Кербулакского районного маслихата.
За 7 дней до дня голосования **–13 марта 2019года**.
(пп.1), 7) ч.2 п.2, абзац 5) п.10 ст. 36-1)

5. Установление соответствия кандидата в акимы предъявляемым к нему требованиям п.3 ст.33 Конституции Республики Казахстан и Правилами проведения выборов акимов городов районного значения, сельских округов, сел, поселков Республики Казахстан, составление соответствующего протокола.
Кербулакская районная избирательная комиссия. В течение трех дней.
(п.1 ст.36, абзац 7) п.3 ст.36-1)

6. Представление в налоговые органы по месту жительства декларации о доходах и об имуществе на первое февраля 2019 года.
Кандидат и его (ее) супруга (супруг).
До регистрации кандидата.
(абзац 8) п.3 ст.36-1)

7. Регистрация кандидатов и выдача соответствующего удостоверения.
Кербулакская районная избирательная комиссия. Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается за 15 дней до дня голосования – **04 марта 2019 года.**
(п. п. 4,6 ст.36-1)

8. Сообщение через местные средства массовой информации или иным способом о регистрации кандидатов.
Кербулакская районная избирательная комиссия. Не позднее чем на 7 день после регистрации кандидатов
(пп 1) п. 5 ст.36-1)

9. Проверка достоверности декларации о доходах и об имуществе, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом).
Органы налоговой службы.
В течение 7 дней со дня получения декларации кандидата и его (ее) супруга (супруги).
(абзац 9) п.3 ст.36-1)

10. Регистрация доверенных лиц кандидатов и выдача соответствующих удостоверений.
Кербулакская районная избирательная комиссия. С момента подачи списков доверенных лиц для регистрации.
(пп.2) ч.2 п.2, абзац 6,7 п.7 ст 36-1)

11. Предоставление кандидатам помещений для встреч с выборщиками на договорной основе.
Составление графика встреч кандидатов с выборщиками в выделенном помещении и опубликование его в средствах массовой информации.
Местные исполнительные органы и органы местного самоуправления. Кербулакская районная избирательная комиссия.
В период проведения предвыборной агитации.
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 ст.36-1)

12. Проведение предвыборной агитации.
Кандидаты в акимы, их доверенные лица.
Начинается со дня окончания регистрации кандидатов и заканчивается в 24 часа по местному времени дня предшествующего дню выборов - **17 марта 2019 г.**
(п.7 ст.36-1)

13. Регистрация избирательных фондов в территориальных избирательных комиссиях.
Кандидаты в акимы, их доверенные лица.
В течение **одного календарного дня** с момента обращения кандидата в соответствующие территориальные избирательные комиссии (постановление Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 19.08. 2010 г. № 7/8)
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 ст.36-1)

14. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов.
Кербулакская районная избирательная комиссия. После регистрации кандидата.
(пп. 1, 7) ч.2 п.2 ст.36-1)

15. Открытие пункта для голосования, составление соответствующего протокола.
Кербулакская районная избирательная комиссия. За **один час** до начала голосования.
(п.10 ст.36-1)

16. Проведение выборов акима. Подсчет голосов и оглашение результатов голосования по выборам акима, составление протокола о результатах выборов акима.
Кербулакская районная избирательная комиссия. В течение **одного дня 19 марта 2019 года.**
(п.п. 9, 10 ст.36-1)

17. Регистрация избранного акима. Представление решения вышестоящему акиму и в соответствующий маслихат.
Кербулакская районная избирательная комиссия. В пятидневный срок со дня проведения выборов – не позднее **23 марта 2019 года.**
(п. 11 ст.36-1)

18. Предоставление в территориальную избирательную комиссию отчета об использовании средств избирательного фонда кандидата.
Кандидаты в акимы.
Не позднее 5 дней после установления итогов выборов - не позднее **23 марта 2019 года.**
(п. 11 ст.36-1)

19. Опубликование в местных средствах массовой информации сообщения об итогах выборов и регистрации избранного акима.
Территориальная избирательная комиссия.
Не позднее 7 дней со дня проведения выборов – не позднее **25 марта 2019 года.**
(пп. 1, 7) ч.2 п.2, ч.3 п.11 ст.36-1)

**Примечание:** В тексте календарного плана даются ссылки на нормы Конститутционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан».

### Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясының құрамы жарияланады.

Комиссия төрағасы – Бураханов Жанат Махметұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Иманбаев Амангелді Тұрысбекұлы
Комиссия хатшысы – Шақарова Күляйза Кәрібжанқызы
Комиссия мүшелері: Айнабекова Гүлжахан Нұрмұханқызы, Байжан Руслан Жұмабайұлы, Думбергенов Әшімхан Қасымханұлы, Сатаева Мария Оразбекқызы.
Сайлау комиссиясының орталығы: Сарыөзек ауылы, Вожакин көшесі, 2, Сарыөзек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты, № 7 кабинет, телефон 87284032284

**Кербұлақ аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ж.Бураханов**

### В соответствии с п.4 статьи 13 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» публикуется состав Кербулакской районной избирательной комиссии.

Председатель комиссии – Бураханов Жанат Махметович
Заместитель председателя комиссии – Иманбаев Амангельды Турысбекович
Секретарь комиссии – Шакарова Куляйза Карибжановна
Члены комиссии: Айнабекова Гульжахан Нурмухановна, Байжан Руслан Жұмабайұлы, Думбергенов Ашимхан Касымханович, Сатаева Мария Уразбековна.
Центр избирательной комиссии: село Сарыозек, улица Вожакина, 2, здание аппарата акима Сарыозекского сельского округа, кабинет № 7, телефон 87284032284

**Председатель Кербулакской районной избирательной комиссии Ж.Бураханов**

### Кербұлақ ауданы әкімі М.С.Бигелдиевтің Шанханай ауылдық округі әкімінің лауазымына кандидаттарды қарау жөнінде жергілікті қауымдастықпен кеңес өткізу КЕСТЕСІ

| Р/с | Өтетін орны | Өтетін күні |
|---|---|---|
| 1. | Шанханай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 2019 жылғы 15 ақпан , сағат 16.00-де |

### ГРАФИК проведения консультаций акимом Кербулакского района М.С.Бигелдиевым с местным сообществом по рассмотрению кандидатов на должность акима Шанханайского сельского округа

| № пп | Место проведения | Дата проведения |
|---|---|---|
| 1. | Шанханайский сельский округ, здание аппарата акима сельского округа | 15 февраля 2019 года, в 16-00 часов |

## Кербұлақ ауданының әкімі М. С. Бигелдиевтің 2019 жылғы 21 қаңтар- 6 ақпан аралығындағы тұрғындармен есептік кездесулерінде айтылған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| № р/с | Ұсыныстың қысқаша мазмұны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Шаған ауылының кірме жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 2 | Сарыбастау ауылының (Абай,Сейфуллин ) ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 3 | Қарағаш ауылының кірме жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 4 | Жоламан ауылының (Балпық би, Жетісу, Суанбаев) ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 5 | Жаңалық ауылының ауыз су жүйелерінің құрылысын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>М.Қ. Солбеков - аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы | Қыркүйек 2019 жыл |
| 6 | Шанханай ауылының ауыз су жүйесіне жаңғырту жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>М.Қ. Солбеков - аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |
| 7 | Шанханай ауылының кірме жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 8 | Қоғалы ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>С.С. Исабаев - Қоғалы ауылдық округінің әкімі | Шілде 2019 жыл |
| 9 | Қоғалы ауылының (Тлепбай, Әуезов, Амангелді) ішкі көше жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т.Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 10 | Қосағаш ауылына жаңа мектеп ғимаратын салу туралы | Н. Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Б.А. Ақылбек - аудандық білім бөлімінің басшысы | Қыркүйек 2019 жыл |
| 11 | Шұбар ауылының (Бақтыбай, Күреңбел) ішкі көшелерінің жөндеу жұмыстары туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 12 | Сарыөзек ауылының кәріз жүйесі құрылысын аяқтау және ауданға қажетті арнайы техника алу туралы | Н.Б. Әденов - аудан әкімінің орынбасары<br>М.Қ. Солбеков - аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы | Шілде 2019 жыл |
| 13 | «Еңкөл», «Аралтөбе» су қоймаларын қалпына келтіруге жобалық-сметалық құжаттарын дайындау туралы | С.Б.Қожахметов- аудан әкімінің орынбасары<br>Ж.М.Қатжанов аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы | Қараша 2019 жыл |
| 14 | Спорттық іс-шараларға арналған «Газель» автокөлігін алу және аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің материалдық техникалық базасын нығайту туралы | Момбаев Б. Т.- аудан әкімінің орынбасары<br>Дуанаев Е.Ж.- аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |

## ПЛАН мероприятий по выполнению предложений, высказанных на отчетных встречах акима Кербулакского района М.С. Бигельдиева с населением с 21 января по 6 февраля 2019 года

| № р/с | Краткое содержание предложения | Ответственные за исполнение | Срок исполнения |
|---|---|---|---|
| 1 | О проведении среднего ремонта внутрисельских уличных дорог села Шаган | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 2 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Абая,Сейфуллина) села Сарыбастау | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 3 | О проведении среднего ремонта подъездной дороги к селу Карагаш | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 4 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Балпык би, Жетысу,Суанбаева) села Жоламан | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 5 | О строительстве системы водоснабжении села Жаналык | Н.Б. Аденов – заместитель акима района<br>М.К. Солбеков –руководитель районного отдела ЖКХ и жилищной инспекции | Сентябрь 2019 год |
| 6 | О реконструкции системы водоснабжения села Шанханай | Н.Б. Аденов – заместитель акима района<br>М.К. Солбеков – руководитель районного отдела жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции | Август 2019 год |
| 7 | О среднем ремонте подъездной дороги к селу Шанханай | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 8 | О проведении капитального ремонта здания аппарата акима Когалинского сельского округа | С.С. Исабаев – аким Когалинского сельского округа | Июль 2019 год |
| 9 | О проведении ремонта внутрисельских дорог улиц (Тлепбай,Ауэзова,Амангельды) села Когалы | Н.Б. Аденов- заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 10 | О строительстве новой школы в селе Косагаш | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>Б.А. Акылбек- руководитель районного отдела образования | Сентябрь 2019 год |
| 11 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Бактыбай,Куренбель,) села Шубар | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского автотранспорта | Октябрь 2019 год |
| 12 | О завершении строительства канализации села Сарыозек и приобретении необходимой для района специальной техники | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>М.К. Солбеков – руководитель районного отдела жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции | Июль 2019 год |
| 13 | О разработке проектно-сметной документации для востановления водохранилищ «Енкол», «Аралтобе» | С.Б.Кожахметов- заместитель акима района<br>Ж.М.Катжанов- руководитель районного отдела сельского хозяйства | Ноябрь 2019 год |
| 14 | О приобретении микроавтобуса «Газель» для транспортировки по спортивным мероприятиям и укреплении материально-технической базы районной детско-юношеской спортивной школы | Момбаев Б. Т.- заместитель акима района<br>Дуанаев Е.Ж.- руководитель районного отдела фи зической культуры и спорта | Август 2019 год |

## Кербұлақ ауданының ауылдық округтері әкімдерінің 2019 жылғы 14-23 қаңтар аралығындағы есепті кездесулерінде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| № р/с | Ұсыныстың қысқаша мазмұны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Қысқы жол күтімі тазалығын ұйымдастыру туралы | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Желтоқсан 2019 жыл |
| 2 | Архарлы негізгі мектебі ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Б.Т. Момбаев – аудан әкімінің орынбасары<br>Б.А. Ақылбек - аудандық білім бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |
| 3 | Сарыбастау ауылдық округінің әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Қ.С. Сұлтанбеков - Сарыбастау ауылдық округінің әкімі | Тамыз 2019 жыл |
| 4 | Қарағаш ауылының (Молдағұлова, Шоқан) ішкі көшелерінің орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 5 | Жоламан ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Д.М. Нүспеков - Жоламан ауылдық округінің әкімі | Шілде 2019 жыл |
| 6 | Қаспан ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Е.С. Досалбаев - Қаспан ауылдық округінің әкімі | Шілде 2019 жыл |
| 7 | Қызылжар ауылының (Сұлтан) ішкі көше жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 8 | Алтынемел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Е.Ә. Анапиянов - Алтынемел ауылдық округінің әкімі | Шілде 2019 жыл |
| 9 | Жайнақ батыр ауылының (Жамбыл) ішкі көше жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 10 | Сарыөзек ауылының орталық паркіне абаттандыру жұмыстарын жүргізу туралы | Б. Е. Тұрсынбаев – Сарыөзек ауылының әкімі<br>М.Қ. Солбеков - аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |
| 11 | Сарыөзек ауылының (Жастар,Сарыбаев, Жансүгіров,Тимирязев, Абай,Майлин, Рысқұлов, Аймауытов,Бақтыбай,Бокин,Вожакин, Советская, Жандосов, Малайсары батыр) ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |
| 12 | Талдыбұлақ ауылының дәрігерлік амбулаториясын күрделі жөндеуден өткізуге тиісті жобалау - сметалық құжаттарын әзірлеу туралы | Б.Т. Момбаев - аудан әкімінің орынбасары<br>Қ.З. Қалдыбаев - аудандық аурухананың бас дәрігері | Тамыз 2019 жыл |
| 13 | Панфилов орта мектебі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары туралы | Б.Т. Момбаев – аудан әкімінің орынбасары<br>Б.А. Ақылбек- аудандық білім бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |
| 14 | Көксу орта мектебі ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Б.Т. Момбаев – аудан әкімінің орынбасары<br>Б.А. Ақылбек- аудандық білім бөлімінің басшысы | Тамыз 2019 жыл |
| 15 | Көксу ауылдық округінің амбулаториясын күрделі жөндеуден өткізуге тиісті жобалау - сметалық құжаттарын әзірлеу туралы | Б.Т. Момбаев - аудан әкімінің орынбасары<br>Қ.З. Қалдыбаев - аудандық аурухананың бас дәрігері | Тамыз 2019 жыл |
| 16 | Басши ауылының (Жастар ) ішкі көше жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы | Н.Б. Әденов- аудан әкімінің орынбасары<br>Е.Т. Сарыбаев - аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы | Қазан 2019 жыл |

## План мероприятий по выполнению предложений, поступивших от населения на отчетных встречах акимов сельских округов Кербулакского района с 14 по 23 января 2019 года

| № р/с | Краткое содержание предложения | Ответственные за исполнение | Срок исполнения |
|---|---|---|---|
| 1 | Об организации зимнего содержания дорог | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского транспорта | Декабрь 2019 год |
| 2 | О проведении текущего ремонта здания Архарлинской основной школы | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>Б.А. Акылбек - руководитель районного отдела образования | Август 2019 год |
| 3 | О проведении текущего ремонта здания аппарата акима Сарыбастауского сельского округа | К.С. Султанбеков – аким Сарыбастауского сельского округа | Август 2019 год |
| 4 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Молдагуловой, Шокана) села Карагаш | Н .Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского транспорта | Октябрь 2019 год. |
| 5 | О проведении текущего ремонта здания аппарата акима Жоламанского сельского округа | Д.М. Нуспеков - аким Жоламанского сельского округа | Июль 2019 год |
| 6 | О проведении текущего ремонта здания аппарата акима Каспанского сельского округа | Е.С. Досалбаев – аким Каспанского сельского округа | Июль 2019 год |
| 7 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельской улицы (Султана) села Кызылжар | Н .Б. Аденов - заместитель акима района | Октябрь 2019 год |
| 8 | О проведении текущего ремонта здания аппарата акима Алтынемелского сельского округа | Е.А. Анапиянов - аким Алтынемелского сельского округа | Июль 2019 год |
| 9 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Жамбыла) села Жайнак батыр | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского транспорта | Октябрь 2019 год |
| 10 | О проведении работ по благоустройству центрального парка села Сарыозек | Б. Е. Турсынбаев – аким Сарыозекского сельского округа<br>М.К. Солбеков – руководитель районного отдела жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции | Август 2019 год |
| 11 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельских улиц (Жастар,Сарыбаева, Джансугурова,Тимирязева, Абая,Майлина, Рыскулова, Аймауытова,Бактыбая, Бокина,Вожакина, Советская, Жандосова, Малайсары батыра) села Сарыозек | Н.Б. Аденов - заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского транспорта | Октябрь 2019 год |
| 12 | О разработке проектно-сметной документации для капитального ремонта Талдыбулакской сельской врачебной амбулатории | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>К.З. Калдыбаев – главный врач районной больницы | Август 2019 год |
| 13 | О проведении капитального ремонта средней школы имени Панфилова | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>Б.А. Акылбек- руководитель районного отдела образования | Август 2019 год |
| 14 | О проведении текущего ремонта Коксуской средней школы | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>Б.А. Акылбек- руководитель районного отдела образования | Август 2019 год |
| 15 | О разработке проектно-сметной документации для капитального ремонта Коксуской сельской врачебной амбулатории | Б.Т. Момбаев – заместитель акима района<br>К.З. Калдыбаев – главный врач районной больницы | Август 2019 год |
| 16 | О проведении среднего ремонта дорог внутрисельской улицы (Жастар) села Басши | Н.Б. Аденов- заместитель акима района<br>Е.Т. Сарыбаев – руководитель районного отдела автодорог и пассажирского транспорта | Октябрь 2019 год |

*АУДАН ӘКІМІ М.БИГЕЛДИЕВ БЕКІТІП, АППАРАТ БАСШЫСЫ А.ТУМАТАЕВ ҚОЛ ҚОЙДЫ*

*УТВЕРЖДЕН АКИМОМ РАЙОНА М.БИГЕЛДИЕВЫМ И ПОДПИСАН РУКОВОДИТЕЛЕМ АППАРАТА А.ТУМАТАЕВЫМ*

Жанында жүр жақсы адам

# Жаны жайсаң Күлән апай

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, бүгінгі мақаламды Кербұлақ ауданы үшін аянбай еңбек еткен ардагер ана, «Кербұлақ ауданының құрметті азаматы» Күлән Айманбайқызы Мәшкенова жайында жазбақпын.

Қазақ халқы қашанда әйел затын қадірлеп, құрмет тұтқан. Күлән Айманбайқызы кеңпейілді, қарапайым қазақтың қызы, ауданымыздың құрылған кезеңінен бастап оның өсіп-өркендеуі жолында маңдай терін төгіп, өмірдің бар сынақтарынан сүрінбей өтті.

Күлән Айманбайқызы 1941 жылы 10 ақпанда Талдықорған қаласында Айманбай қария мен Тайба анамыздың отбасында дүниеге келген. 1949 жылы Талдықорған қаласына қарасты Ушинский атындағы орта мектебінің табалдырығын аттап, 1959 жылы аталмыш мектепті аяқтағаннан кейін сол мектепте физика және химия кабинетінде лаборант болып қалады. Кейіннен Талдықорған қаласындағы №1 жаңа мектеп-интернатында аға пионер жетекшісі ретінде жұмыс істейді.

1961 - 1968 жылдар аралығында Талдықорған қалалық комсомол комитетінің бөлім бастығы, 1968 жылы Талдықорған облысының қалыптасуы нәтижесінде халық депутаттары өңірлік атқару комитетінің I бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

1974 жылы Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Жоғарғы партия мектебін сырттай аяқтаған. 1974 жылы Кербұлақ ауданының құрылуымен аудандық комитетінің хатшысы, халық депутаттарының аудандық кеңесінің депутаты, сондай-ақ, аудандық партия комитеті пленумының мүшесі, 1977 жылы халық депутаттарының атқарушы комитетінің орынбасары, ал 1979 жылы Кербұлақ аудандық партия комитетінің хатшысы, бірнеше рет аудандық Халық депутаттары кеңесінің депутаты, аудандық партия комитеті бюросының мүшесі, екі рет Талдықорған облыстық партия конференциясының делегаты болып сайланған. Кейінірек аудандық тұрмыстық комбинаттың директоры қызметін атқарды. Ал 1990 жылы Кербұлақ аудандық халық депутаттары кеңесі отырысында аудандық АХАЖ бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

Күлән Айманбайқызы - бар өмірін Кербұлақ ауданына қызмет етуге арнаған азаматшалардың бірі. Осы күнге дейін жасаған жақсылықтарын елге жария қылуды мақсат тұтпайтын Күлән апайымыздың еңбектерін атап өтуді өзімнің сол кісіден тәлім-тәрбие алған сол кездегі жас маманның азаматтық парызы деп санадым.

Күлән Айманбайқызының біліктілігін, уақыттың талабына қарай көрегендігін өз басым өте жоғары бағалаймын. Мен таныған Күлән апаймыз әпкелікке жарайтын, айтқан сөзіңді тыңдай білетін, өз сөзін өткізе алатын, орынсыз уәде бермейтін, өз сенімінен айнымайтын мінезді азаматша. Өзінің де өзгені де бастаған ісін нәтижелі межеге жеткізетін басшы болды. Қамқорлыққа зәру жандарға қараса білетін сезімтал, өзін сыйлата білетін, өзгені сыйлай білетін жүректі тұлға! Пенде болған соң кемшіліксіз болмайтын шығар. Бірақ, мен Күлән апайымыздың пенделігінен гөрі жақсылығын көбірек көремін.



Оның бойында өз көзқарасына сенімді тұрақтылық, соны қорғай білетін табандылық бар.

Адамның асыл қасиетінің бірі - жақсылық жасай білу. Сондай жақсылықты Күлән апайымыздың бойынан көріп, сол кісінің атқарған істеріне, барша жас мамандарға жасаған жақсылықтарына тәнті болдым. Өйткені қиналған сәтте алынған көмек ешқашан ұмытылмайды.

Біздер мемлекеттік қызметке жаңадан келген кезде ауданымыздағы АХАЖ бөлімінде Күлән Айманбайқызы басшылық қызметте еді. Жаңадан құрылған ұйымның жұмыстары бастан асып жататыны белгілі. Көп нәрсе басшыға байланысты, оның белсенділігі, іскерлігі, атақ-абыройы, еңбекқорлығы – барлығы іске қосылуы қажет. Жанына қолынан іс келетін білікті азаматтар мен азаматшаларды жинай білу керек. Бұл жағынан бұған дейін басшылық, ұйымдастыру тәжірибесін жинаған Күлән Айманбайқызы өзіне қамшы салдырмады. Бірақ, қиындықтармен күресіп үйренген Күлән апайымыз білекті сыбанып іске кірісті. Жоқтан бар жасау керек болды және жасады да. Күлән Айманбайқызы сол кездегі жұмыстарды, басшылық және жетекшілік қызметтерді қоғамдық қызметтермен белсенді түрде қатар алып жүрді және өз қоластындағы мамандарға да солай жасауды үйретті.

Сол кездегі Гвардия өңірінің ауа райының қандай болғанын көпшілік біледі. Дәл есеп беру кезі келген уақытта Алтынемелдің желі соғып қырқыншы жолын үрлеп тастаушы еді. Біз болсақ, сол Гвардия өңірінің жас мамандары Күлән апайымыздың қаталдығынан қорқып, ауа райына қарамастан әйтеуір жұмылып жатып, жолды күректерімізбен ашып, амалын тауып, уақытылы есебімізді тапсыратын едік, ал Күлән апайымыз болса өзінің жұмысқа деген қатаңдығы мен үлкен жауапкершілігіне қарамастан әрдайым бізге ақылын айтып, білмегенімізді үйретіп, өзінің аналық қамқорын көрсететін.

"Жақсының жүрген жері - шашу, жаманның жүрген жері - ашу" деп Қадыр Мырза Әли ағамыз айтқандай, Күлән апайымыздың жүрген жері шынымен де шашу болатын.

Осындай еңбектері елеусіз қалған жоқ.

1962 жылы «Пионерлермен белсенді жұмыс істегені үшін» естелік белгісімен, 1970 жылы В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 1971 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, 1980 жылы «Еңбек шеберлігі үшін» медалімен, 1981 жылы «Золотой колос» белгісімен , 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1988 жылы Комсомолдың Орталық комитетінің «Мерекелік белгісімен», 2003 жылы «Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, төрт мәрте Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хаттарымен» және әр кезеңдегі аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Көп адам әпке деп сыйлайтын, өзі көптеген жайсаңдарға сіңілі, қарындас бола білген, мемлекеттік қызметтің қадірін кетірмеген, сөз қадірін түсірмеген азаматша. Оның толып жатқан мақтау-марапаттары, атағы мен сыйлықтары осыларға қосымша ғана.

Күлән Айманбайқызының ерекше атап айтатын қасиеттері – қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, адамгершілігі, ізеттілігі, еңбекқорлығы. Аудан үшін қызмет атқарып үлгерген азаматшадан «Мен» деген сөзді естімейсіз. Қарапайым азаматша - білікті басшы, талантты ұйымдастырушы, жас мамандарға ұлағатты ұстаз.

**Бейсегүл МЕДЕТОВА,**
**аудандық мәслихат аппаратының бас маманы**

## Ауылдың іргетасын қаласқан жан

Көше бойымен келе жатқан Әуесхан аға, қатарласып салынған үйлерге анда-санда көз тастап, ойланып келеді. Осы үйлердің барлығы өзінің көз алдында салыныпты. «Мына үйді алғашқы тыңгерлер салып еді, мына үй бір кездері мектеп ғимараты еді». Қарап отырса, сонау совхоз құрылған жылдан бері осы жолмен талай жүріпті. «Алғаш сүрлеу жол еді-ау бұл да» деп ойлады. Бүгін, міне асфальт. Осы жол сияқты совхоз да күннен-күнге өзгеріп отырыпты. Иә... «Тәуба» деді іштей, қаншама қиыншылықты басынан кешірсе де, еңбегінің арқасында абыройсыз болмапты. 1937 жылы Гвардия ауданының Красногоровка ауылында дүниеге келген Әуесхан Сағиев бұл совхозға 1955 жылы келген. Рабкопта даярлаушы-экспедитор болып еңбек етті. 3 айдай тіркемеші де болып еңбек еткені бар. Кейіннен №5 бригадаға, Қ.Исабаевқа есепші болып орналасты. №2 фермада аға бухгалтер да болған. 1973 жылдан бастап аға экономист қызметін атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 2000 жылдарға дейін, шаруа қожалықтары құрыла бастаған кезде, жастарға ақыл-кеңес беріп жүрді.



- Қареспе ауылында 30 шақты үй тұратын. Қонысбай Бакеев дүкен ұстады, Түгелбай Мәлімбаев 4 жылдық бастауыш мектепте сабақ берді. Мектеп деген аты ғана ғой, әйтпесе қолдан салынған 2-3 ауыз үй болатын,-деп еске алады Әуесхан аға.

1955 жыл тың және тыңайған жерді игеру туралы сөз болып, Қарашоқы совхозы құрыла бастағанда, ақпан айында Молдавиядан, Москвадан тың игеруге жастар келді. Сол кезде арнайы жолдамамен көтермеақы алған тың игеруге келген жастардың 30 пайызына жуығы қиындыққа шыдамады ма, қайта елдеріне кетіп қалды. Қалғандары осы жерде қалып еңбек етті. Үйленіп, тұрмыс құрғандары қаншама? Дайын үй жоқ, алғаш келгенде олар шатырларда, вагондарда тұрды. Адам болған соң ауырмай тұрмайды ғой. 20 төсектік аурухананы ақ шатырдан (палатка) тігіп қойды. Могилева Виктория Петровна деген дәрігер аз жыл қызмет етті.

Виниченко Николай Петрович жер өлшеушілердің айтқаны бойынша алғаш жерді картаға салып, сызған адамның бірі. Алғаш тың жерге түрен салған да сол кісі болатын. Тың игеруші Марков Сергей Федоровичтің де еңбегі зор. Талаев Николай Васильевич бригадир болып жүріп, кейіннен осы ауылда партия ұйымының хатшысы болды. Палаев Василий Иванович – жүргізушіліктен аудандық кеңестің хатшылығына дейін көтерілген адам. Бұл кісілердің еңбегін айтпай кетуге болмайды.

- Қазіргі ауылдағы дәмхананың орнында кезінде асхана болған. Бір жағы клуб, қойма болды. Наубайхана тұрған жерде шаруашылық тауарларын сататын дүкен болған еді,-деп еске алады алғашқы тың жерге түрен салынғанда куә болып, ортасында жұмыс жасаған ағамыз.

Ә.Сағиев осы ауылдың әр кірпішінің қалай қаланғанын өз көзімен көрді. Осы ауылдың өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Қызмет ете жүріп, жастарға білгенін үйретті. Алферов Владимир Иванович, Мурашкин Петр Владимирович, Горбунов Виктор Павлович, Яшенко Николай Федотович, Нүсіпов Шаяхмет Оспанұлы, Мұстафаева Мәриякүл, Бұқабаева Нұрғайша, Садықов сынды мықты бухгалтерлер болғанын атап өтті. Алтынбек Шыңғысбаев, Ұлбала Керімбековалар менің шәкірттерім еді,-деп еске алады қарт тың игеруші.

Сонау 1960 жылдары Қайныш Мүйізбайқызымен отау құрып, совхоздағы түрлі жұмысты иық тірестіре, қатарласа жүріп, еңбек етті. Бетбастауда жүргенде жұбайы есепшінің (учетчиктің) көмекшісі болып істеді. Кім қанша жер жыртты, барлығын тақтаға жазып отыратын. Ол кезде қазіргідей емес, барлық жұмыс қолмен жасалатын еді ғой. Сол жерде жатып істеп, күздік біткенде ауылға бірақ оралғандары бар. 1976 жылдары балаларының анасы қойма меңгерушісі, асханада, буфетте сатушы болып істей жүріп, 1985 жылы зейнетақыға шықты. Екеуі 8 баланы өсіріп, жеткізіп, бүгінде немере, шөберелерінің ортасында бақытты өмір сүруде.

- Марапаттау, мадақтаулардан да кенде болған жоқпыз. Елбасы қабылдауында болып, сыйға сағат алған кезім де бар,-дейді тыңгер.

Қос қария өткендерін жарыса еске алысып, біраз әңгіме айтқан еді.

- Ұлым ұяға, қыздарым құтты орындарына қонған. Немерелерім өсіп жатыр. Араларында менің жолымды қуғандары да бар,-дейді қария сыртта жүрген немересіне қарап отырып. Риза болып, мақтанышпен айтты. Қос қариямен қоштасып тұрып, немерелерінің жеткен жетістігіне мақтанған қарияның өзімен ауылдастарының мақтанатынын айтқым келді. Бірақ, айтпадым. Өйткені ол сөзді ауыл қариясының газет бетінен оқығанын қаладым.

**Ләйлә ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ**

Цифрлық Қазақстан

## «Цифрлы агент» (Digital agent) мобильді қосымшасы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы IT кеңесімен бірлесіп, «Цифрлы агент» (Digital agent) мобильді қосымшасы іске қосылды.

Digital agent мобильдік қосымшасы қазіргі таңда ауданымыздың барлық тұрғындары мен қонақтарына қол жетімді. Digital agent мобильдік қосымшасын жүктеу үшін бар болғаны интернет жүйесіне кіру мүмкіндігі және осы интернет жүйесі арқылы «Play Market» және «App Store» сервистік бағдарламаларынан мобильді қосымшаны жүктеп, орнатылғаннан кейін тіркеуден өту қажет.

Digital agent мобильдік қосымшасы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушылардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, қала және аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларының, сондай-ақ, еңбек, әлеуметтік қорғау және медицина саласымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалай отырып, ұсыныстары мен шағымдарын бере алады.

Digital agent мобильдік қосымшасы арқылы түскен шағымдардың шешімін тауып нәтижесін ұсыну үшін 5 минут уақыт беріледі және мемлекеттік қызметтердің көрсету сапасын бақылауды іске асырушы орган ретінде Агенттік қосылады.

**Д.ҚАСТЕЕВ,**
**аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы**

Жиын

## Кербұлақ ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасының 99 – қадамында Қоғамдық кеңестердің рөлін барынша күшейту қажеттілігі, басты мақсат билік пен халық арасындағы қарым-қатынасты жақсарту екені нақты көрсетілген. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы "Қоғамдық кеңестер туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік Ережесін басшылыққа ала отырып, 2019 жылдың 18 қаңтарында аудандық "Кербұлақ жұлдызы" газетінде және аудандық мәслихаттың ресми сайтына Кербұлақ ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың және Кербұлақ ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілетіндігі туралы хабарландырулар жария етілді.

Осыған байланысты аудандық мәслихаттың аппаратымен 2019 жылғы 21 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Қоғамдық кеңесті қалыптастыру бойынша жұмыс тобының мүшелігіне коммерциялық емес ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстары қабылданды. Осы қабылданған ұсыныстар негізінде Кербұлақ аудандық мәслихаты 2019 жылдың 06 ақпанында жұмыс тобының алғашқы отырысын өткізіп, келіп түскен құжаттарға сәйкес, аудандық мәслихат хатшысының 2016 жылдың 06 ақпандағы № 05-ө өкімімен 12 адамнан құрылған жұмыс тобының мүшелері бекітілді. Оның ішінде мемлекеттік мекемелерден 4 адам, коммерциялық емес ұйымдардан 7 адам және 1 адам өзін-өзі ұсынушы. Ендігі кезекте осы іріктелген жұмыс тобы мүшелері ауданның Қоғамдық кеңесін қалыптастыру, оның қызметіне байланысты Ережесін әзірлеп мәслихат сессиясының қарауына енгізіп бекіту сынды маңызды істермен айналысатын болады.

Қоғамдық кеңестер - коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп, министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағыныстағы және есеп беретін органдар, сондай-ақ, жергілікті мемлекеттік басқару органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құратын консультативтік-кеңесі, байқаушы орган болып есептеледі.

**Г.РАҚЫМБЕКОВА,**
**аудандық мәслихаты аппаратының құрылымдық бөлімше басшысы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі**


redakcia_kz@mail.ru

«Қамқорлық» акциясы аясында

# Игілікті іс-шара



Жылдағы дәстүр бойынша әлеуметтік жағынан қорғалмаған, көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы отбасының балаларына, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, толық емес отбасынан шыққан балалар мен басқа санаттағы оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2019 жылдың 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында республикалық «Қамқорлық» акциясы өтті. Мектепте акция бұрышы жасалып, айлық жұмыс жоспары құрылды.

Шара барысында девиантты мінез-құлықты балаларды есепке алу мен олардың іс-әрекетін бақылау, жүріс-тұрысын одан әрі түзету және материалдық көмекке мұқтаж балалар анықталып, тізімі жасалды.

Кәмелетке томағандар арасында қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу, оқушылар арасындағы құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен құқық қорғау органдары өкілдерінің арасында сенімді қарым-қатынас орнату мақсатында, Кербұлақ ауданы көлемінде 2019 жылдың 07-12 ақпан аралығында жеке құрамды барынша жұмылдыра отырып, «Жасөспірім» жедел-профилактикалық алдын алу шарасы да өткізілді. Шара барысында түнгі рейдтер жүргізіліп, аудандағы түнгі сауықтыру мекемелері мен дүкендер тексерілді. Сондай-ақ, алкогольдік ішімдік ішетін, заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта жүретін, тыныштықты бұзатын, ұсақ бұзақылық жасайтын кәмелетке толмағандарды, оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын адамдарды анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы айлық барысында мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінен құрылған «Түнгі ауылдағы балалар», «Ауыл көшелеріндегі жасөпірім» атты рейд жүргізіледі.

Сонымен қатар, барлық сыныптарда Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып: «Жақсылық жаса», «Балаға мейірім сыйла» және «Қолыңнан келсе, қайырымдылық жаса» тақырыптарында шаралар ұйымдастырылып, «обал-сауап», қайырымдылық сөздерінің мағынасын түсіндіріп, бір-бірімізге бақыт сыйлап, мейірімді, аялы алақанымызды, қол ұшын созу - адамзаттың борышы екенін түсіндіру сабақтар өтті.

Ата-аналар кеңесінің қолдауымен әр сыныптағы оқушыларды (қыстық сырт киім, аяқ киімдер, спорттық киім, сөмке, оқу құралдарымен) қамтамасыз етілді.

Ал, «Қамқорлық» акциясында көмек қолын күткен әрбір оқушының жүрегіне жылылық пен жанашырлықты ұялату мақсатында белсенділік танытқан демеушілерді айтпасқа болмас. Олар: аудандық прокуратура қызметкерлеріне, «Ырыс» сауда үйі Адильшин Арман, зейнеткер Адаева Маша, «Сұлтан» магазинінің иесі Адамова Әсел, кәсіпкерлер Мейрамбек пен Айдын Тоғайбековтер, Гулшат Дюсембай, Оспанова Гүлжанар, Скабаева Жанар, спорт кешенінің жаттықтырушысы Нұрбеков Мадияр, әлеуметтік төлемдерді есептеу орталығының басшысы Дүйсенаев Қуаныш аудандық жер қатынасы бөлімінің қызметкерлеріне айтар алғысымыз



шексіз. «Қамқоршылық» кеңес, ата-аналар комитеттері, пән бірлестік жетекшілері бірлесіп, республикалық «Қамқорлық» акциясының өткізілуіне қызу қолдау көрсетуінің арқасында жалпы материалдық көмекке мұқтаж барлығы 34 балаға 418, 996 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді. Мұндай игілікті шаралар әлі де жалғасын таба бермек.

**Мира КАСЕНОВА,**
**директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,**
**Күреңбел қазақ орта мектебі**

Тәртіп

# Әскери жиында

Жуырда әскери гарнизондық Офицерлер үйінде Сарыөзек гарнизонының әскери прокуроры Айдар Сламбековтың төрағалық етуімен Сарыөзек және Жаркент гарнизондарының әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының Ведомствоаралық жиналысы өтті. Ведомствоаралық мәжіліске қадағалаудағы құқық қорғау және арнайы огандардың басшылары, әскери бөлім және мекеме командирлері, сондай-ақ олардың тәрбие жөніндегі орынбасарлары, психологтар мен заңгерлер қатысты.

Жиналыста құқық бұзушылықтың профилактикасына, әскери қызметшілердің өлімі мен жарақаттануына, сондай-ақ, шарт міндеттерін орындау барысында талаптардың сақталуы мен әскери бөлімшелерде үлес нормаларын жеткізу мәселелері талқыланды.

Сарыөзек гарнизонының әскери прокуроры әскери қолбасшылықпен бірлесіп, заң үстемдігін нығайтуға және құқықтық тәртіпті орнатуға қатысты атқарған жұмыс нәтижелерін және гарнизондағы қылмыстың өсу қарқынын тұрақтандыруға қатысты ықпал еткен профилактикалық-ескерту қызмет үрдісінің дамуын атап өтті.

Бұдан басқа, қадағалауымыздағы әскери бөлімдер мен мекемелерде шарт міндеттерінің орындалуы мен үлес нормаларының жеткізілуіндегі заңдылықтың сақталуы жеке мәселе ретінде қаралды. Аталған мәселе бойынша алдағы уақытқа шарт міндеттерін орындаудағы заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында нақты тапсырмалар берілді.



Жиналыс барысында пікір алмасып, әскери бөлімдер басшылығымен тамақтандыруды ұйымдастырудағы шарт міндеттерін сақтау мен профилактикалық жұмыстарды жетілдіруге бағытталған кешенді ұйымдастырушылық шаралар әзірленді.

Аталған отырыстың нәтижесі бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

**Сарыөзек гарнизонының әскери прокуратурасы**

Кездесу

# Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылық



Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елеңдетіп отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Отбасында тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда, тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, заң бұзушылықтарды жою - баршаға ортақ іс. Жасөспірімдердің қылмыс жасауына итермелейтін бірнеше басты жағдайларды атап өтуге болады: бос уақыттарының дұрыс ұйымдастырылмауы, отбасындағы материалдық жетіспеушілік, ата-ананың, бала тәрбиесімен айналысатын басқа да адамдардың өз міндетіне немқұрайдылықпен қарауы.

Осының барлығы ата-ананың балаларын қадағаламағандығы, тиісті деңгейде тәрбиелеу және оқыту міндеттерін орындамай жүрген отбасында құқық бұзушылық жасауға баратын балалар саны көбейеді. Сондай-ақ жасөспірімдердің кешкі уақытта бос жүретіндері және демалыс, сауықтыру орындарының жоқтығы. Кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Сондықтанда білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымының заңдылықтарын игеру тиіс.

Осыған байланысты, жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында аудан көлемінде АПБ-нің бастығының орынбасары полиция капитаны Жақсылықбаев Ержан Еркінұлымен және ЖПҚБ ЮПТ-ның инспекторлары полиция аға лейтенанты Р.Аязбек, полиция аға лейтенанты Д.Шалқарова, ӘЗЗҚТ инспекторы полиция аға лейтенанты А.Оразалиевамен мектептерде ұстаздар мен ата-аналар арасында «Кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу» мақсатында кездесулер, жиналыстар өткізіліп, республика көлемінде болып жатқан жағдайлар айтылып, жасөспірімдер арасында болып жатқан әлімжеттік, бопсалау және соңғы уақыттарда әлеуметтік желілерде көп тараған бейнежазбалар бойынша ескертіліп, профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, әртүрлі бейнероликтер көрсетілді.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдер мен ата-аналар комитетінің өкілдері тарапынан «Ерікті жасақшы» тобы құрылып, күнделікті кешкілік рейдтер жүргізілді. Әрбір мектепте бір айға арнайы жоспар жасалып, кезекшілік кестесі құрылып, күнделікті кешкілік сағат 19-дан 23-ке дейін кезекшілікке шығады.

Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында арнайы жұмыс жоспары құрылып, профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

**Р.АЯЗБЕК,**
**АПБ-нің ЮПТ-ның УПИ полиция аға лейтенанты**

Жетісу - адалдық алаңы

# Індетке қарсы іс-қимыл - әрбір азаматтың міндеті

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлықпен күрес. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады.

Қызмет түрлері және олжа – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік сапар, ойын-сауықтар мен басқа шығындарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу қызметінің түрлері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - әрбір азаматтын міндеті. Көп болып бұл індетке қарсы тұрайық.

**Кербұлақ аудандық статистика басқармасы**

Індет

# Құтыру

Құтыру – көне заманнан бері белгілі ауру. Ол туралы алғашқы деректер біздің дәуірімізге дейінгі V ғасыр жазбаларынан табылған. Цинке (1804), Грюнер мен Сальмон (1813), Бернд (1822), сондай-ақ Магенди бұл аурудың жануарлар (ит, құс, күйіс қайыратын мал) мен адамның сілекейі арқылы жұғатынын дәлелдеп берді. 1825 жылы Россин құтыру осы ауруға шалдыққан жануардың нерв ткані арқылы да жұғатынына назар аударады.

Құтыруға қарсы тұңғыш вакцина жасап, оны адамға еккен ұлы Пастер (1884) болатын. 1886 жылы Одессада И.И.Мечников пен Н.Ф.Гамалея Пастер станциясында ұйымдастырып, құтырған ит қапқан адамдарды сол вакцинамен еге бастады. 1887 жылы В.Бабеш құтырған жануарлардың ми клеткаларына ерекше заттар түзілетінін анықтады, ал 1903 жылы А.Негри бұл заттардың анықтауда үлкен мәні бар екеніне жұртшылық назарын аударды. 1950 жылдан бері олар Бабеш-Негри денешіктері (түйіршіктері) деп аталады.

Ауруға әр елде, әр континентте әртүрлі жануарлар шалдығады. Оны тасымалдаушылардың түрлері де әртүрлі. Мәселен, Үндістанда бұл ауруға түлкі, қорқау тәрізді ит, шүйе бөрі, мангуст және күзен, Иранда – қасқыр, АҚШ-та – түлкі, аққұлақ, сусар. Нигерияда – алатышқан, Заполярьеде – лемминг шалдығады. Оңтүстік Америка, әсіресе Бразилияда аурудың негізгі тасымалдаушысы қан сорғыш вампир, АҚШ пен Югославияда – насеком қоректі жарқанат. Мал түліктерінің ішінде құтыруға ең бейімі – ірі қара, одан кейін қой, жылқы, ит, шошқа т.б.

Клеткалар жаігпай зақымданса, тыныс органдары мен жүрегі параличке ұшырап мал өледі. Кейде індет одан әрі дамымай, күрт үзіледі де, мал, әсіресе ит сауығып кетеді. Мұның себебі – денедегі ауруға төтеп беретін қорғаныс күштері жеңіп, иммунитет қалыптасады. Құтырған малдың нерв тканіне жайылған нейтротоксин сау малға еккен кезде оны құтырта алады. Мұның механизмі әлі толық анықталған жоқ.

Ауру белгілері. Астыртын кезең әдетте 3 апта, кейде 3 айға созылады. Өте сирек кездесетін жағдайда бұл кезең 3 күнге, тіпті 3 жылға созылуы мүмкін. Әрине мұны лабораториялық жолмен байқауға болады. Құтыру ірі қарада елірме және паралич түрінде өтеді. Еліріп құтыру орта есеппен жалпы құтырудың 15-30 процентіне тең. Ауру мал бастапқы кезде еліріп, алға қарай ұмтылады, кез келген нәрсені, мәселен, шөмеледегі шөпті, мүйізімен іліп, алып жан-жағына шашады, қорадағы қоршауларды мүйіздеп бұзады, маңайына жолаған ит пен мысыққа тап береді, оладығы сүзеді. Әлсін-әлсін басын шалқайтып бар дауысымен қатты өкіреді. Өкірген сәтте мал кенеттен жалп етіп құлап, аяқтарын тырбаңдатады, кенеттен бұрынғы қалпына келуі мүмкін. Аузынан сілекей шұбырып, ауру мал терлейді, әлсін-әлсін зәр шығарады, осы уақытта оның жыныстық шабыты артады. Сиырдан сүт шықпай қалады, бірақ ол аздап жем жеп, су ішеді. Кейде оның көпке дейін тәбеті қашпайды. Кейде мал аурудың алғашқы сатысында-ақ жемнен бас тартып, су ішпей қояды.

Ауруды анықтау. Құтыруды анықтау әдістері екіге бөлінеді. Бірінші әдіс ауру белгілері мен эпизоотологиялық деректерді, өлекседегі өзгерістерді жақсы білуге, сондай-ақ кейбір лабораториялық жануарларға ауру жұқтырып (тышқан, үй қояны), оларды биологиялық сынаудан өткізуге негізделген. Екінші әдіс иммундық люменесценттік микроскопия (ИЛМ), агар геліне қойылған преципитация реакциясы (РП), бейтараптау реакциясы арқылы вирусты идентификациялау (рН) сияқты зерттеулерді қамтиды.

**Аудандық ветеринарлық инспекциясы**

# О внедрении единого совокупного платежа

***Вопрос:*** Что такое ЕСП?

***Ответ:*** Единый совокупный платеж (ЕСП) - новый организационно-правовой режим, который предусматривает упрощенный порядок регистрации деятельности неформально занятых граждан.

Целью введения ЕСП является формализация деятельности и обеспечение участия самостоятельно занятого населения в системах социального обеспечения.

***Вопрос:*** Размер ЕСП

***Ответ:*** Для плательщиков ЕСП установлены минимальные ставки по подоходному налогу и социальным платежам, в размере 1 МРП для городов республиканского значения, столицы и областных центров – 2 525 тенге в 2019 году и половина МРП для других населенных пунктов – 1 263 тенге в 2019 году.

ЕСП объединяет в себе 4 обязательных платежа в один разовый платеж:

1) индивидуальный подоходный налог, доля которого составляет 10%;

2) социальные отчисления в ГФСС – это 20%;

3) пенсионный взнос в ЕНПФ – 30%;

4) отчисления в систему обязательного социального медицинского страхования (в ФСМС) – 40%.

Размер ЕСП будет фиксированным, то есть не нужно самостоятельно исчислять суммы взносов во все социальные фонды.

Максимальный порог дохода плательщика ЕСП за календарный год составляет 1 175 МРП (порядка 2 960 тыс. тенге в год и около 247 тыс. тенге в месяц из расчета на 2019 год).

***Вопрос***: Кто может платить ЕСП?

***Ответ:*** ЕСП распространяется на физические лица, осуществляющие деятельность с целью получения дохода, при соблюдении следующих условий:

1) не используют труд наемных работников;

2) выполняют работы, оказывают услуги для физ. лиц;

3) реализуют сельскохозяйственную продукцию от эксплуатации личного подсобного хозяйства для потребления физическим лицам.

ЕСП не распространяется на:

1) физические лица, оказывающие услуги на территории коммерческих объектов недвижимости, включая торговые объекты;

2) лиц, предоставляющих в аренду (имущественный найм) имущество, за исключением жилища;

3) лиц, занимающихся частной практикой;

4) иностранцев и лиц без гражданства, за исключением оралманов;

5) лиц, имеющих государственную регистрацию в качестве индивидуального предпринимателя.

К примеру, в городах – это няни, репетиторы, таксисты. На селе это в основном те, кто занят подсобным хозяйством и реализует излишки своей продукции для получения дохода.

***Вопрос:*** Что дает уплата ЕСП?

***Ответ:*** В целом, уплата ЕСП позволит:

1) участвовать в системе обязательного социального медицинского страхования и получить доступ к медицинским услугам, неограниченным по сумме и видам, с правом выбора медицинского учреждения.

Так, сверх гарантированного объема бесплатно медицинской помощи, плательщик ЕСП сможет получить:

- Амбулаторные медицинские услуги (первая мед. помощь, консультации);

- Check-up (диагностика), реабилитация и плановое лечение в стационаре;

- Высокотехнологическую мед. помощь и дорогостоящие мед. услуги;

- Лабораторные услуги и рецептурные препараты.

2) участвовать в накопительной пенсионной системе и получить базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в системе, обрести трудовой стаж.

Чем больше периодов (месяцев) человек делает перечислений в рамках ЕСП, тем больше у него будет размер базовой пенсии.

3) получать социальные выплаты из системы обязательного социального страхования при наступлении социального риска (в случае утраты трудоспособности, потери кормильца, беременности и родов, усыновления (удочерения) новорожденного ребенка (детей), ухода за ребенком до 1 года).

***Вопрос:*** Это будет обязательный или добровольный платеж?

***Ответ:*** Уплата ЕСП носит добровольный характер. Налоговых отчетностей нет. Задолженность для плательщика ЕСП не образуется.

***Вопрос***: Как платить ЕСП

***Ответ:*** Для этого, плательщики, подпадающие под условия режима ЕСП, посредством своих ИИН смогут уплатить ЕСП через банки второго уровня, перечислив деньги на банковский счет Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Государственная корпорация самостоятельно распределяет и перечисляет социальные платежи по фондам (ГФСС, ЕНПФ, ФСМС) и налог в соответствующий бюджет по месту жительства плательщика ЕСП.

***Вопрос:*** Как назначается социальная выплата из ГФСС плательщику ЕСП?

***Ответ:*** Размеры социальных выплат из ГФСС определяются дифференцированно, то есть на основании среднемесячного дохода конкретного человека, коэффициентов стажа его участия в системе обязательного социального страхования, утраты трудоспособности (количества иждивенцев) и уровня замещения дохода.

При этом, доход за каждый месяц для плательщиков ЕСП доводится до уровня минимальной заработной платы (далее – МЗП). Это означает, что доход за месяц будет учитываться не на основании поступивших социальных отчислений как для всех участников системы (505 / 3,5% ставка социальных отчислений = 14 428 тенге для горожан и 7 228 тенге для сельчан), а будет составлять 1 МЗП (в 2019 году 42 500 тенге), то есть увеличен в 4 раза для горожан и 6 раз для сельчан.

Следует отметить, что плательщикам ЕСП могут быть назначены все виды социальных выплат из ГФСС за исключением социальной выплаты на случай потери работы.

Вместе с тем, в связи с ростом МЗП с 1 января 2019 года максимальный объект исчисления социальных отчислений уменьшен с 10 МЗП до 7 МЗП.

**Филиал АО "ГФСС" по Алматинской области**

# Құттықтаймыз



Нұрым орта мектебінің директоры
**Дәулетова Күміс Кенжетайқызын**
55 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.
Деніне саулық, еңбегіне жеміс, отбасына береке тілейміз. Әркез ұжымыңызда қадірлі болыңыз.

***Тек жақсылық көрінізші өмірде,***
***Еш көлеңке түспесінші көңілге.***
***Бала-шаға бақытына бөленіп,***
***Отырғайсыз ғасыр тойдың төрінде.***

**Құттықтаушылар:** Нұрым орта мектебінің кәсіподақ ұйымы.

## Іс-шара

### Аудан көлемінде «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 08-18 ақпан аралығында «Тұрмыс» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі.

Аталмыш шараның басты мақсаты - отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ тұрмыстық құқық бұзушылыққа бейім адамдардың тұрғылықты мекенжайы бойынша толық тексеру жүргізіліп, қорғау нұсқамасы шығарылған немесе мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған адамдармен бекітілген шектеулердің орындалуына назар аудару және құқық бұзған тұлғаларды әкімшілік заңнамада көрсетілген жауапкершілікке тарту.

Сонымен қатар, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қылмыс жасауға бейім тұлғаларды анықтау, оларды ІІО профилактикалық, тізімдік есептеріне алу және одан әрі олардың әрқайсысымен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Спирттік ішімдіктерді шамадан тыс пайдаланатын тұлғаларды анықтап, оларды мәжбүрлі түрде масқүнемдіктен емдеу үшін арнайы емдеу-профилактикалық мекемесіне жолдау жұмыстары жүргізіледі.

Отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтар әрқашанда аудандық полиция бөліміне келуіне немесе 102 немесе 31-8-55 телефондары арқылы хабарласуларына болады.

Азаматтардан түскен әр хабарлама бойынша полиция қызметкерлерімен заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданатынын хабарлаймыз.

**М.ЖЕКСЕМБАЕВ,**
**аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметінің Ұйымдастыру және бақылау тобының инспекторы, полиция капитаны**

## Денсаулық

### Саңырауқұлақты аурулардың (ТРИХОФИТИЯНЫ) қалай алдын алуға болатынын әркімнің білуі тиіс

Жоғары жұқпалылық деңгейімен ерекшеленетін біздің қалада кең таралған тері ауруларының ішінен бір жалпы атауға ие – дерматомикоздар болып табылады, олардың ең көп таралғаны **трихофития,** халық арасында оны «теміреткі» деп атайды.

Трихофития кезінде аурудың қоздырғышы ауру адам мен үй жануарлары (ірі қара мал), сондай-ақ кеміргіштер болып табылады. Жануарлармен тікелей жанасқан кезде адамға трихофития жұғады сондықтан бұл аурумен үй жануарлары бар адамдар мен ауыл тұрғындары ауырады.

Адам ауырған кезде терісінде зақымдалған ошақтар пайда болып, үзілген шашпен бірге қабыршақтар түседі, олардың құрамына аса қауіпті саңырауқұлақтардың элементтері бар, олар тікелей қатынас арқылы жұғады. Сонымен қатар, төсек орындар, бас киімдер, щеткалар, арнайы киімдер, ойыншықтар, құрал-жабдықтар, кездейсоқ жыныстық қатынастар және т.б. арқылы жұғады.

Шаштараздарға барған кездердегі – шаш алу және қырыну, маникюр жасау кезінде және жеке меншік моншалар мен хауызға барған кездегі жұқтыру жағдайлары кездеседі. Соңғы жылдары жыныс жолы арқылы жұғу жағдайлары жиілей түсуде.

Трихофития ауруын жұқтырудың алдын алу үшін денеде немесе бастың шашты бөлігінде айқын шектелген, домалақ, 1 мен 50 теңге мөлшерінде үсті қабыршақпен және 5-8 см қашықтықта сынған шаштармен қапталған ісінген дақтар пайда болса дерматологқа және жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардың алдын алу Орталығына тез арада қаралу керек (ДжЖАБА).

Дерматомикоздарды жұқтырудың алдын алу мақсатында қаңғыған жануарлармен қатынаспаған жөн, жануарлармен тікелей жанасқаннан кейін жеке бас гигиенасын сақтау керек.

**АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:**

Трихофитияны жұқтырмау үшін жеке бас гигиенасын сақтап, әрбір адам жеке бас гигена заттарын қолдану керек (жуыну жөкесі, станок, сүлгі, тарақ және т.б.), жеке монша мен хауыздарға барған кезде осы мекемеден дезинфекциялық заттарды қолдануды талап ету қажет.

**Наргиза БИРИМКУЛОВА,**
**дерматолог дәрігер**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

15.08.2018 жылы қайтыс болған азамат(ша) Иманбеков Курмангазы Рамазановичтің мұрагерлері ізделуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы өтініштер Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Мәметова көшесінде орналасқан «Айнұр» дүкені ғимаратында қабылданады. Анықтама телефоны: 8 775 507 01 66. Нотариус Нургали Бакыт Куанышбайұлы.

20.12.2018 жылы қайтыс болған азамат(ша) Танабекова Куанканның мұрагерлері ізделуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы өтініштер Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Мәметова көшесінде орналасқан «Айнұр» дүкені ғимаратында қабылданады. Анықтама телефоны: 8 775 507 01 66. Нотариус Нургали Бакыт Куанышбайұлы.

Ибраева Жумазияның атына берілген кадастрлік нөмірлері 03-260-082-197, 03-260-083-222 мемлекеттік актілердің (Шаған ауылдық округі) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

13.08.2018 жылы қайтыс болған азамат(ша) Молдахметов Шаматтың мұрагерлері ізделуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы өтініштер Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Мәметова көшесінде орналасқан «Айнұр» дүкені ғимаратында қабылданады. Анықтама телефоны: 8 775 507 01 66. Нотариус Нургали Бакыт Куанышбайұлы.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открылось наследство после смерти гр. Захаровой Любовь Федоровны, умершей 03 ноября 2018 года. Прошу наследников до 03 мая 2019 года обратиться к нотариусу Атабаевой Ж.К. с заявлением о принятии наследства либо об отказе от наследства по адресу: Алматинская область, Кербулакский район, село Сарыозек, ул.Б.Момышулы, 1/4, контактный телефон: 87773854551

Открылось наследство после смерти гр. Тютявина Александра Леонидовича, умершего 07 ноября 2018 года. Прошу наследников до 07 мая 2019 года обратиться к нотариусу Атабаевой Ж.К. с заявлением о принятии наследства либо об отказе от наследства по адресу: Алматинская область, Кербулакский район, село Сарыозек, ул.Б.Момышулы, 1/4, контактный телефон: 87773854551

Открыто наследственное дело гражданина Воробей Галины Ахмедовны, умершей 23 августа 2018 года. Заявление о принятии (отказа) наследства принимаются по адресу: с.Сарыозек, улица Маметовой, здание магазина «Айнұр», Кербулакского района, Алматинской области. Справки по телефону 8 775 507 01 66. Нотариус Нургали Бакыт Куанышбайұлы.

## Акция

### Жасөспірім - Заң - Қауіпсіздік

2019 жылдың 11 мен 15-ші ақпан аралығында республика аумағында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Әкімшілік кодекстердің нормаларымен түсіндіру, олардың сауаттылығын арттыру мақсатында, «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» атты акция өткізіледі. Акция барасында балаларға құқықтық тақырыпта дәрістер оқу, сондай-ақ балаларға жолда жүру ережесі, өрт қауіпсіздік қағидаларын сақтау бойынша негізгі ережелерін және т.б. түсіндіру сабақтары өткізіледі.

**Р.АЯЗБЕК,**
**Кербұлақ АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ-ның УПИ полиция аға лейтенанты**

## 101 хабарлайды

### Балалар және өрт

Балалар - біздің болашағымыз. Өкінішке орай, біз балалардың өмірінің қуанышты болуын, олар ешқандай қауіп-қатерге ұшырамауын ойлап жүрміз бе? Ересек адамдардың барлығы осы жағдайларды ойлай бермейді. Ата-аналардың ерекше бір есте сақтайтын - балалардың отпен ойнауына жол бермеу. Олай дейтіміз, кенеттен шыққан өрт мемлекеттік, сондай-ақ жеке адамдардың мүліктерін құртады немесе жарамсыз етіп тастайды.

Ал, кейбір кездерде отпен ойнаған кінәлілердің өзі қайғылы жағдайда душар болады, қаза табады немесе жарақат алады.

Осы қайғылы оқиға неден шықты десек, көп жағдайда үлкендердің кінәсінен болады. Үлкен адамдар да кей кезде сақтандыру ережелерін сақтамауынан немесе балаларға жаныш жатқан пешті, газ құралдарын қарауға қалдырғанынан өрт шығады. Сәбилер ешкімнің қарауынсыз үйде қалады да, өзінің көңілі қалаған ойындармен ойнайды. Олардың шырпымен ойнауы - өмірлеріне қауіпті екенін түсіне бермейді. Тағы бір айтар нәрсе - жеке балаларды үйде қалдырғанда электр қуатымен жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды оңай жерге коймау керек. Балаларға сіріңкемен ойнауға жол бермеген жөн. Оттың ойыншық емес екенін, сіріңкемен ойнауға болмайтынын балаларға түсіндіру керек. Балалардың отпен ойнауына жол бермеу - өртке қарсы күрес қана емес, сонымен бірге сол балалардың денсаулығы, бақыты үшін күрес.

Міне, осындай өрттен сақтандыру ережелерін сақтасаңыз, бәрі де жақсы болады. Бірақ, осы қарапайым ережелерді бұзушылар көптеп кездеседі.

**Н. АСКАМБАЕВ,**
**аудандық ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты**

## 101 сообщает

### Как не допустить пожар

Часто причиной возникновения пожара является неисправное электрооборудование и проводка. Это может быть перегрузка проводов, перепады сопротивления в сетях, короткое замыкание, искра. Хорошим подспорьем для распространения огня становятся неграмотная перепланировка помещения, захламленность и загромождённость его мебелью.

Помните несколько правил, чтобы избежать пожара в своем жилище:

Не включайте одновременно в электросеть несколько приборов большой мощности, это может привести к перегрузке.

Используйте только рекомендованные для вашей сети электрические предохранители.

Не оставляйте работающие электроприборы без присмотра. А утюги, плитки ставьте только на теплоизолирующие огнеупорные подставки. Проверяйте отключение приборов перед уходом из дома.

Если электроустановочное изделие неисправно (искрит, оплавилось), замените его, вызвав специалиста.

Пользуясь средствами бытовой химии, соблюдайте инструкции и особую осторожность. Растворители, жидкости для розжига, дезодоранты, краски, аэрозоли и другие вещества очень пожароопасны.

Не оставляйте без присмотра готовящуюся на газовой плите пищу. Не сушите белье над зажженным газом.

Нельзя дома пользоваться легковоспламеняющимися жидкостями, не пытайтесь разжечь печь или камин с их помощью.

Не складируйте на чердаке сено, солому и старые вещи, которые могут легко загореться.

Учите детей обращению с огнем, не доверяйте им следить за электроприборами, печами и газовой плитой.

Прячьте от ребенка спички, зажигалки, бензин и другие опасные вещи. Не оставляйте маленьких детей без присмотра.

Не курите в постели или в кресле. Вы можете заснуть, а окурок вызовет тление и возгорание постели.

**Н. АСКАМБАЕВ,**
**старший инженер ОЧС Кербулакского района старший лейтенант г/з**

### Алкоголь и сигарета могут привести к пожару

Причинами возникновения пожара в жилых и общественных зданиях чаще всего бывают от неисправности электросети и электроприборов, утечке газа, шалости детей с огнем и т.д., все это можно объединить в беспечность и небрежность в обращении с огнем. Очень часто эта беспечность связана со злоупотреблением алкоголя.

Курение в постели в состоянии алкогольного опьянения одна из основных причин возникновения пожара. Пожары, происходящие по вине людей находящихся в алкогольном опьянении, наносят большой материальный ущерб и нередко сами виновники становятся жертвами огня.

Как это происходит? Курящий засыпает, сигарета падает на постельные принадлежности, и происходит загорание. Проснувшись от запаха дыма, трезвый человек способен спастись сам и оказать помощь другим. Алкоголь же затуманивает сознание. В таком состоянии человек может даже не почувствовать первых признаков пожара.

Температура тлеющих окурков достаточна для воспламенения некоторых горючих материалов. Вызвав тление горючего материала, сам окурок через некоторое время гаснет. Но образованный им очаг тления при благоприятных условиях может превратиться в пожар.

Для того, чтобы избежать трагедии соблюдайте элементарные правила пожарной безопасности:

1. Ни в коем случае не курите в состоянии алкогольного опьянения
2. Не курите вблизи легковоспламеняющихся и горючих жидкостей.
3. Курите только в специально отведенных для этого местах
4. Не бросайте спички и окурки куда попало. Обязательно убедитесь, что спичка и окурок не только не горят, но и не тлеют.
5. Пепельницы должны быть выполнены из негорючего материала. При наполнении пепельницы не ленитесь очищать ее от мусора, так как малейшая искра может воспламенить его.
6. Храните спички, зажигалки, сигареты в недоступном от детей и пожилых людей месте.

Помните, что легче предотвратить пожар, чем потом сожалеть о его последствиях!

**А.БОЛАТКАН,**
**инженер ОЧС Кербулакского района лейтенант гражданской защиты**


### Ел ішінде емші жүр



***Жұлдыз ханым - халық емшісі, телефон арқылы құмалақ ашады, үй аластайды, Құран, дұғамен дем салып, жол ашады. Тынышытығы кетіп, берекесі болмай жүрген отбасыларға көмектеседі, адам бойындағы тіл-көз, дуа, қарғысты алады. Сауда, көлік, үй сатуға көмектеседі. Биотокпен емдік массаж, Құран дұғамен дем салып емдейді. Әртүрлі жағдайлармен хабарласуға болады. 20 жыл өтілі бар. СЕРТИФИКАТ № 006***
***Телефон: 8 702 567 21 05, 8 771 452 25 23.***





ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Кербұлақ ауданының әкімдігі**

УЧРЕДИТЕЛЬ:
**Акимат Кербулакского района**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Кербұлақ жұлдызы» ЖШС.**

СОБСТВЕННИК:
**ТОО «Кербұлак жұлдызы»**

Директор - бас редактор:
**Ләйлә ОҢАЛБАЕВА**
**Тел: 8 (72840) 31-1-75**

Орынбасары:
**Айнаш ҚАСЕНОВА**

Тілші:
**Дина ДҮЙСЕНБАЕВА**

Бухгалтер:
**Айдана БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ**

Оператор:
**Ильяс ОРАЗХАНОВ**
**Тел: 8 (72840) 31-1-75**

**Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2017 жылғы 24 наурызда тіркеліп, № 16404 - Г куәлігі берілген.**

Газета зарегистрирована в Инвестиции и развитие Министерство связи, информатизации и в Информационном комитете РК за №16404-Г от 24 марта 2017 года

**Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.**

За достоверность рекламы и объявлений ответственность несёт рекламодатель

**Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды.**

Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции
Материалы обрабатываются, не возвращаются авторам

**Офсеттік басылым көлемі 1 баспа табақ**
**Осы шығарылымның таралымы 3310**
**Тапсырыс № 146**
**Газеттің жазылу индексі:**
**Жеке тұлға үшін: 65761**
**Заңды тұлға үшін: 15761**

Объем издания 1 печатная пластина
Тираж данного выпуска составляет 3310
Заказ № 146
Индекс подписки на газету:
Для физических лиц 65761
Для юридических лиц 15761

**Газет «Кербұлақ жұлдызы» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, Талдықорған қаласындағы «Алматы -Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Талдықорған қ-сы, Қабанбай батыр к-сі, 32.**

Газета печатается, обрабатывается в редакции газеты КЖ, отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашак». г. Талдыкурган, ул. Кабанбай батыра, 32.

**Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады**
Газета выходит один раз в неделю каждую пятницу

**Мекен - жайымыз: Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Момышұлы к-сі, 1 Г.**
**Телефон/факс: 8 (72840) 31-1-75**
**Электронды пошта: redakcia_kz@mail.ru**
**Интернет-редакция: kerbulak.com**

Наш адрес: Кербулакский р-н, п.Сарыозек, ул. Момышулы 1 Г.
Телефон/факс: 8 (72840) 31-1-75
Электронная почта: redakcia_kz@mail.ru
Интернет-редакция: kerbulak.com

Кезекші редактор
Дежурный редактор:
**А.Қасенова**